

ПИОНЕР



Ноябрь

1953 жыл
Алматы

№ 11

СЕМЕЙДІҢ ПИОНЕРЛЕР САРАЙЫНДА



Пионерлер үйінің оқушылары «Өнерпаздар» үйірмесіне белсене қатынасады. Олардың әрқайсысы әртүрлі мамандыққа үйренуде.

Суретте: оқушы Булатов Рафаэль барометрді қарап тұр (Сол жақта). Оң жақтағы бала Жданов Вова кітап түптеп жатыр. Ортада үйірменің жетекшісі Васильев В. П.



Пионерлер үйінің авиомодельдер жасайтын бөлмесінде. Солдан оңға қарай: Семейдің Чернышевский атындағы № 1 мектебінің 4-класс оқушысы Поноделка Вадим, № 17 мектептің 6-класс оқушысы Беллев Вася және Түрксибтің № 1 мектебінің 6 «К» класының оқушысы Юра Қириченко.

Семей қаласындағы Пионерлер үйі түсірген суреттерден.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналы

№ 11

НОЯБРЬ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.

КОММУНИЗМГЕ ҚАРАЙ

Жас дос!

Сенің өміріңде қуанышты күндер көп-ақ. Біздің әр күніміз қуаныш пен бақытқа толы екенін сен жақсы білесің. Сол күндердің ішінде біздің бүкіл халқымыз үшін аса сүйкімді, аса қымбат бір күн бар. Ол — қуанышты күндердің ең үлкені де, жарқыны да.

7-ноябрь...

Бұл күн біздің мейлінше ыстық сезімімізге бөленген. Бұдан отыз алты жыл бұрын 7-ноябрь күні адамзат тарихында бірінші рет социалистік мемлекет дүниеге келді. Ескі капиталистік дүниені жұлып тастап, Ленин мен Сталин басқарған Коммунистік партия совет өкіметін орнатты.

1917 жылдың 7-ноябрінен бастап адамды адам қанау мүлдем жойылды. Еңбекші халық қоғамдық қызметке араласты. Дүниенің бет-алысы өзгеріп, тарих бұрынғыдан да күшті жылдамдықпен ілгері басты.

Сондықтан да бұл күн кең байтақ совет жерінің түкпір-түкпірлерінде — Донбастың шахталары мен Оралдың заводтарында, сонау Қызыр шығыстың қыстақтары мен Қазақстанның ауылдарында — үлкен қаладан бастап шағын поселоктарға шейін тұтас мерекеленеді. Бұл күні совет халқы өздерінің ұлы Ленин-Сталин ісіне әрқашан да дайын екенін, Коммунистік партияның маңына берік топтаса беретіндігін көрсетеді.

Сенің мектепке алғашқы келгенің есіңде болар, жас досым! Ол күнді сен мәңгі ұмытпайсың. Класс есігі ашылып, кіріп келгенде сен өзіңнің оқуыңа қажет нәрселердің бәрі мектепте екенін бірден байқағансың. Мұғалима қыз сені класта күтіп отырғанды. Ол сені жылы шыраймен қарсы алып, жаңа партаға апарып отырғызған. Қолына қарындаш пен қалам беріп, баспадан жаңа ғана шыққан әдемі әліппені алдыңа қойған. Жаңа дәптер ұсынған. Бұл сыяқты қамқорлық тек саған емес, сенімен бірге мектепке келген балалардың бәріне де жасалған. Сонда сен мұғалима қызға ерекше

назар аударып, қамқор анаңдай көріп қайта-қайта қарағансың.

Байқайсың ба, жас досым! Сенің тіпті кішкентай кезінде, оқу деген ойыңда жоқ, үйде ойыншықтар алып ойнап жүрген кезінде, біреу сенің болашағыңды ойлап жоспарлап қойыпты. Быйыл неше бала жеті жасқа толып, мектепке келеді, оған қанша кітап, қанша дәптер, қарындаш керек екеніне дейін есептепті. Жаңа парталар мен тақта істетіп, мектеп салдырыпты. Міне, сен мектепке келген күні осы қамқорлықтың барлығы алдыңнан шықты.

Сол қамқоршың — сенің социалистік мемлекетің, Совет өкіметі. Міне, сол қамқор әке бүгін отыз алты жасқа толды.

Өткен отыз алты жыл ішінде совет мемлекеті талай ерлік істерді басынан кешірді. Оның әр қайсысы бір-бір дастан. Азамат соғысы мен халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарын, жауынгерлік бесжылдықтар дәуірін бастан өткіздік біз. Герман фашизмімен шайқаста жеңіп шығып, соғыстан кейін алып құрылыстар салдық. Соның барлығына Коммунистік партия басшылық етіп келеді. Біздің жарқын болашағымызды болжап, бағытымызға жөн сілтеп, жолымызды нұрландырып отырған да сол партия.

Бастан кешкен отыз алты жыл ішіндегі табысымызды, ел өміріндегі өзгерістерді есептеуге ешқандай да өлшеу шақ келмейді. Біз әр жылда бір ғасырдың ісін істедік. Біздің «әр жылымыз ғасырға тең» дейтін себебіміз де осы. Біз дүние жүзінде ең артта қалған елден, ең алдыңғы қатардағы елге айналдық, бетпақ далаға орман егілді, шөлімізге су жүгірді, селомыз қалаға, даламыз саяға айналды.

Табысты санай беру біздің міндетіміз емес, достым! Оны сен де білесің. Біз бүгін нұрлы болашаққа көз жібереміз, коммунизмге қарай алға басамыз.

Сенің есіңде ғой. Өткен 1952 жылы Коммунистік партиямыздың XIX съезі қол жеткен табыстарға қортынды жасап, біздің алдағы ісі-

мізге программа жасап берді. Съезд жаңа бесжылдық жоспарды бекітті. Бұл жоспарда да еліміздің халық шаруашылығының бұдан да әрі өркендей беруі көзделген. Сол жоспардың әрбір жолынан, әрбір пунктінен адамға деген қамқорлық анық көрінеді. Алып электр станциялары, шөл далада жасалған көлдер, егілген орман, құрғаған батпақ — бәрі де адам үшін... Жаңа машиналар, өскен механизация — барлығы да адам еңбегін жеңілдету үшін... Салынып жатқан мектеп, аурухана, кітапхана, жаңа тұрғын үйлер, театрлар, балалар бақшалары, өндіріліп жатқан киім, тамақ — барлығы да сол адам үшін.

Әрбір бесжылдық жоспар орындалған сайын біздің мемлекетіміздің қуаты арта түседі, біз коммунизмге қарай ілгерілей түсеміз.

Материалдық, мәдени молшылық — коммунизм негізі. Біз осы негізді қалап жатырмыз. Үстіміздегі жылы август айында болған ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы мемлекеттік бюджет туралы заңды бекітті. Бұл заң Совет үкіметінің, Коммунистік партияның елдің социалистік халық шаруашылығын дамытуға және мүлтіксіз өркендетуге, еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыруға бағытталған саясатының көрінісі.

Ауыр өнеркәсіпті өркендетудегі қол жеткен табыстарымыздың негізінде бізде қазір халық тұтынатын заттардың өндірісін шұғыл өрге бастыруды ұйымдастыруға керекті жағдайлардың бәрі бар. Біз халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін неғұрлым тез көтеруді қамтамасыз етуге тиіспіз. Сессияда сөйлеген ССРО Министрлер Советінің председатели Г. М. Маленков жолдас екі-үш жылдың ішінде халықтың азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен — ет және ет тағамдарымен, балық және балық тағамдарымен, маймен, қантпен, кондитер тағамдарымен, матамен, киіммен, аяқкиіммен, ыдыспен, мебельмен және мәдени тұрмыс, үй қажетінің басқа да заттарымен қамтамасыз етілуі шұғыл арттырылсын, әрбір қалада, әрбір селолық ауданда қажетті товарлардың бәрін алуға болатын болсын, деп көрсетті.

Мұны газеттен өзің де оқығансың.

ССРО Жоғарғы Советі сессиясының қорытындылары біздің қуатты және туыс-

қан Коммунистік партиямыз бен Совет үкіметінің халықтың материалдық және мәдени талаптарын қанағаттандыру ісіне бар күшін жұмсап отырғанын тағы да айқын дәлелдеді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь пленумы да бізді сол молшылыққа қарай нұсқайды. Пленум «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің шаралары туралы» мәселе қарады. Онда ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің негізгі мәселелері шешіліп, оның барлық салаларын жедел өркендету, ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін мықтап ұлғайту жолдары көрсетілген. Өйткені халқымызды азық-түлікпен қамтамасыз ететін сол ауыл шаруашылығы — колхоз бен совхоз ғой.

Қазір біздің алдымызда ауыл шаруашылығын жаппай механикаландыру міндеті тұр. Таяу уақыттың ішінде колхоздар мен совхоздар машинаның көптеген түрін алады, ауыл шаруашылығының негізгі жұмыс салалары қолмен емес, машинамен істеледі. Колхоздардың өзі таяу уақытта 750 мың трактор алуға тиіс. Колхоздар мен совхоздар алған машиналарды меңгеретін маман кадрлар саны артады. Ол үшін қазір 250 ауылшаруашылық механизация училищесі ашылды. 1954—1957 жылдары тағы да жаңадан 300 училище ашылады.

Социалистік мал шаруашылығы да өркендеп өседі.

Сен қазір оқып жүрсің, жас достым! Колхоздағы ұлы өзгерістер, өсіп келе жатқан мәдениет, дамып келе жатқан шаруашылық сенің көз алдыңда. Сен бәрін де көріп жүрсің. Әкең мен шешең, ағаң мен апайың жүр сенің сол жұмыстың басында.

Коммунизм шыңына қарай ілгерілеп бара жатып, болашағыңды айқын болжап отырып, еңбек ету қуаныш қой, жас дос! Сондықтан үлкен де, кіші де, еркек те, әйел де — барлығы да жаппай жұмылған ұлы құрылыс ісіне. Сол істің бір жағында сен де жүрсің. Сенің жұмысың — оқуың, жақсы оқысаң, сен еңбек озаты сыяқты, өз коллективіңнің мақтанысың. Коммунизм кадрысың.

Біз сол коммунизмге қарай кетіп барамыз.

С. Халықов.

Октябрь үні

«Аврора» берді де ашып
Жеңістердің шежіресін,
Табыстары сұдай тасып,
Тапты өмір өз несібін.

Емін-еркін өсті адам
Ең бақыттың шұғыласында,
Болашаққа басты қадам
Коммунистік ту астында.

«Аврораның» өр даңқымен
Жасарттық та жапанды біз,
Жаңа еңбектің қарқынымен
Жетті әлемге атағымыз.

«Аврора» шашты мол нұр —
Жеңіс нұрын кеше бізге.
Ол бүгінде жарқырап тұр
Жұлдыз болып төсімізде.

Ізтай Мамбетов



В. И. Лениннің Смольныйға келуі.

Суретті салған *Е. Кибрик*

ЕСТЕН КЕТПЕС КҮН

А. Мусатов

Әңгіме



Ивановтардың қасында тұқыраңдап, көзі жалт-жұлт еткен ақпейіл шал келе жатты. Шалдың мінезі Степаның шешесіне ұнап қалды. «Ақпейіл, қарапайым жан» — екен деп ойлады да, шешесі дорбасынан нан мен құырған балық алып шалға ұсынды.

Ол: «рахмет, тамағым бар» деді. Сөйтті де мұртын сылап қойып жақындай түсті де, балықтан бір жапырақ үзіп алды.

— Ау, мынау қандай тамаша... Нағыз патша балығына ұқсайды ғой.

— Архирей балығына деңіз,— деп түзетті Степа.— Мен, өзім аулағамын.

Шешесі шалдың таңырқанғанын сезе қойып:

— Архирейдің көлі бізге берілген. Ол бізді тіпті көліне шомылуға да жолатпаушы еді. Рас, іс әуелі көлден емес-ау, жерден басталды. Біз қандай жарлық болады деп күтіп-күтіп, ақыры болмаған соң, бас салып помещиктің жерін бөлдік те алдық.— Анна айналага жалтақтап қарап қойды да, даусын бәсеңдетіп: — ал, енді қазір қорқып отырмыз — округте, бесінші жылғыдай, жазалаушы жүр деседі... Ағайындар мені Питерге — күйеуімнен ақыл алып қайтуға жіберді. Күйеуім Путилов заводында ұста.

Поезд тағы кілт тоқтады. Шал асығыс шыға жөнелді. Ол жыйырма минуттан кейін қайтып оралды.

— Тағы айдалаға тоқтаппыз... жолда, бір жерде поезд құлағаннан сау ма екен? — деп үрейлене сұрады Анна.

— Құлаған шығар... Қазір, анасы, Россиядағы езушілердің бәрі құлап жатыр ғой,— деп шал сұқ қолын шошайта Степаға сүйсіне көзін қысты да,— солай, солай, жігітім,— деді.

... Поезд Петроградқа әрең жетті. Ішін сәлемдемеге толтырған үйеңкі чемоданды бекем ұстап, Степа мен шешесі вокзал алаңына шықты. Күн себезелеп тұр. Ызғырық суық жел ішін тарта соғады. Көшеден қарулы отрядтар өтіп жатыр. Үстіне былғары тон, мақталы сырма немесе шинель киген адамдарлы толтырып алып жүк автомобильдері де жүйткіп жатыр. Баласы мен шешесі көшеден сптеп өтіп келіп трамвай күтті. Бірақ трамвай келмей қойды — юнкерлер оны көпірден өткізбей қойыпты.

Сөйтіп тұрғанда бір әйел Аннаға жаяу жүре беруге ақыл берді. Жаяуларды әзір көпірден өткізетін болу керек деді.

Степа Иванов шешесімен бірге Питердегі әкесіне бару үшін поезбен ұзақ жүрді.

Жолаушылар жөнді ұйықтамайды. Олар поезд тоқтасымен вагоннан жүтіре шығып, сұрғылт газет қағаздарын әкеп, дуылдасып жатты.

Анна баласымен көпірден өтпек бола бергенде, кенет көпірдің қарсы жағынан атылған мылтық даусы естілді. Жаяулар мұны көрсе сап, бірімен бірі қақтыға-соқтыға қайта қашты.

Көпірде атыс күшейді.

— Я... қатты айқасты...— деді кепкелі адам.— Кетейік мұнан, шырағым. Сен қалай барушы ең? Көпірден әрі ме еді?

— Сол жаққа. Әкемізге келген едік. Әкеміз Путилов заводында.

— Ә, енді оны жаңа адреспен ізде. Бүгін жұрттың бәрінің кәсібі өзгерген... Қысқы сарайды аламыз.

Кепкелі адам Анна мен Степаны қораның ішкі есігімен басқа жаққа алып өтті де, күйеуінің пәтеріне басқа көпірден өтіп баруға ақыл берді. Ол көпірді қызыл гвардияшылар кеше кеште алған деді.

Шешесі мен ұлы жүріп келеді, жүріп келеді. Оларға о жерден де, бұ жерден де шолғыншылар жолығып, қайтадан, басқа жақтап орағытып өткізеді. Ақыры әйтеуір сүйтіп жүріп бұлар бір үлкен көшеден келіп шықты. Көпір үсті ығы-жығы халық: матростар, солдаттар, жұмысшылар. Винтовкасы бары да бар, жоғы да бар. Кенеттен Степаға өлең естілді.

Қараса көшенің қақ ортасымен қызыл гвардияшылар отряды:

Аластап әлемнен зор күшпен,

Мәңгілік жоямыз қанауды.

Сөйтіп, жер бетіне жеңіспен

Қадаймыз алқызыл жалауды.

— деген өлеңді айтып келеді екен.

Степа осылардан қызыл туды да көрді. Қабығы жөндеп жоңылмаған ағашқа қалалып, жаңбырға малшынған қызыл ту отряд алдында жоғары желбіреп, халықты алға бастап барады.

Степа мұны көргенде чемоданды қоя салды, суықты да, жаңбырды да ұмытты, өлеңді аузын ашып тындап, туға тесіле қарап қалыпты.

— Путиловшылар өлеңді жақсы айтады... Сеніммен... деді Степаның қасында тұрған бір кісі.

Степаның құлағы бұған елең ете қалды да, оған әкесі осы отрядтың ортасында кетіп бара жатқандай көрінді. Ол отрядтың соңынан тұра жүгірді. Әне, анау менің әкем. Әне шықты, басында онып, уқаланған картузы, қияқ мұрты бар.

— Аға! — деп айғайлады Степа.

Шешесіне жүр-жүрлеп, тротуарды бойлай кісілердің ара-арасымен жүгіріп кеп отрядқа жетті.

Бірақ әкесі мұнда болмай шықты.

— Әкең сыяқты көрінген біреу ғой,— деді шешесі.

— Жок... Мен көрдім...— деп таласты Степа.

Ойламаған жерден біреу қолынан шап беріп:

— Анна апай,— деді. Бұл әкесінің жұмыстағы көмекшісі, онымен бір бөлмеде тұратын Миша еді.— Қайдан келдің! Мәссаған, Степа да келіпті ғой.

— Миша! — деп қуанып кетті Анна.— Мұнда сендер не істеп жатырсындар? Қару неге керек?

— Мм... не істейсіңдер дейсің бе? Қысқы сарайды алуға барамыз... Уақытша үкметті құлатамыз... Ал, сендер мұнда не ғыл жүрсіңдер?

— Әкеме келдік... Шаруа бар. Миша, сендерден қандай солдат шығады?

— Енді бәріміз солдат болдық.

— Миша-ау, өлтіріп тастайды ғой...— деп Анна Мишаның қолынан ұстай алды.

Миша айналасында тұрғандардың мұнысы кім деп бүрліге қарауынан қысылып, Аннаның қолын босатты да:

— Анна апай, үйге барыңыз! Мен сіздің келгеніңізді Василийге айтайын. Барыңыз! — деді.

... Ұлы мен шешесі мұнан кейін де көп көшелерді, переулוקтерді кезді, сонда да көпірден өте алмады. Ымырт жабыла бастады. Атыс қайта күшейді. Әбден арып-шаршаған Степа мен шешесі келіп үлкен бір сұр үйдің босағасына отырды.

Көшеде бір жас жұмысшы қарт кісіні қолтықтап:

— Винтовқанды бер деймін, Трофимович, ауыр ғой...— деп жалынады.

— Эттеген-ай, балам-ай,— деп қайысты Трофимович,— юнкерлерге бар болғаны екі-ақ рет сілтедім-ау, әй, жаудың тұқымы-ай, сол-ақ екен атып қалды-ау мені.

Солай деді де, Трофимович кенет сылқ етіп бар денесімен жігіттің үстіне құлады. Ол айналага жалтақтап көз салды да, босағада бүкшиіп отырған әйел мен баланы көріп:

— Әй, көмектесіңдер! — деп шақырды.

Анна жуық келді.

— Миша, тағы сенбісің? — деді Анна таңдана.— Мынау жараланған кім? А менің Василийім қайда?

— Аман Василий, аман... А бұл жараланған біздің металл куюшы.

Жаралыны бұлар екеулеп әкеліп әлгі үйдің басқышына жатқызды. Трофимович жарасын ауырсынып қатты күрсінеді. Степа оның винтовкасын ақырын ұстап қасында тұр.

— Оны үйге, заводқа жеткізгенде болар еді...— деп ойын білдірді Анна.

— Біздің завод алыс қой,— деп Миша тұрған үйдің биік маңдайшасына, үлкен, қалың есігіне, жуан күйма тұтқасына көз салды.— Осы үйге кіргізсек...

— Как, как есігін!— деді басын изеп Анна.— Кісінің халі нашарлап барады ғой. Миша есікті жудырығымен түйгіштеп жатыр.

...Есікті қасарысып ашпай қойды. Сонан соң Миша ызаланып таға қаққан өкшесімен пәрмендеге теуіп жібергенде, кеудіреген швейцар есікті ашып, ешкімнің кіруіне рұқсат жоқ деді.

— Революция атынан!— деп Миша қатты зекіді де, есікті өзіне қарай жұлқып қалды.

Ол Анна екеуі Трофимовичті алдынғы бөлмеге кіргізіп, диванға жатқызды. Анна терезеден қайта-қайта қарап тықыршып тұрған Мишаны көріп:

— Ал, сен жүре бер... Ісінді аяқта... мұнда біз қараймыз ғой,— деді...

Түн ортасы болуға жақындағанда, зеңбіректің гүрсілдеген даусы естілді — бұл Невадан Қысқы сарайға зеңбірек атқан «Аврора» крейсері еді. Бұған ілесе Петропавл қамалынан зеңбіректер күрсілдей жөнелді.

— Қысқы сарайды атты,— деп швейцар шоқынып тәубә келтірді де, қалтыраған қолымен терезенің пердесін түсіре бастады.

— Тоқта, тоқта, түсірме!— деп швейцарды тыйып тастады да, Анна мен Степа терезеге жабыса қарап қалды.

...Түнде Василийді алып Миша келді.

— Көр, міне... мұнда бүтіндей бір санитар дружинасы бар,— деп нұсқады ол Анна мен Степаны көрсетіп.

Василий күлді де, әйелі мен ұлын құшағына алды.

— Сүйіктілерім менің, енді бір сүйісейіктің! Мейрам құтты болсын... Революция жеңді!

— Танертеңнен бері саған жете алмай қойдық,— деп назданды Анна.— Степка мүлдем шаршады. Оған менімен Питерге барамын деп жабыспа деп ем — болмады.

— Қалмағаны жақсы болған,— деп күлді әкесі.— Бері кара, Степа, тындашы... Бүгін өмірі естен кетпейтін ұлы күн.

— Ау, мен саған мұжықтардың тапсырмасымен келдім. Сен өзін ашыққан боларсың,— деп дорбадағы балығы мен нанын алып берді.

— Солай-солай... мынау таныс балық қой,— деп күлді Василий.— Бұл Архирей көлінің сазаны ғой. Бұл қайдап жүр?

— Мен ауладым. Көлді біздің мұжықтар алған,— деді Степа.

— Дұрыс істеген. Ал, жерін ше?

— Жерін де,— деп жауап берді Анна.— Вася, маған барин қорасынан бір мықты ат берді. Ал ініңе, Лукаға соқа тиді. Тек жазалаушылар келіп тартып алмас па екен деп қауыптенеміз...

— Енді қайдағы жазалаушы?— деп мырс етті Василий.— Немене, біз Қысқы сарайды ойшап алып жүр дейсің бе?

Василий орнынан тұрып мұртын бір сылап қойып:

— Ал енді, Анна, қазір Степа мен Мишаны ертіп үйге бар. Трофимовичті де алып барындар. Мен Смольныйға барамын. Онда қазір съезд басталады. Ленин сөйлейді... Бітім туралы. Жер туралы... біздің тұрмысымыз туралы...— деді.

— Ленин!— деп сасып қалды Анна.— Апыр-ау мені мұжықтар сол кісі туралы біліп кел деп жі-




берген еді ғой. Үлкен жаны ашығыш адам дейді ғой.

— Я, үлкен жаны ашығыш адам,— деді Василий.— Я, Анна, бізге, халыққа онан жаны ашыр, жақын ешкім жоқ. Ол біздің ең бірінші қамқоршымыз және революцияның көсемі.

— Ұқтым, ұқтым, Вася. Шіркін-ай жер туралы да, бітім туралы да оның айтқандарын тындар ма еді. Оның бәрін мен бұлжытпастан мұжықтарға жеткізер едім.

— Тоқта әзір, қайтып келген соң бәрін де айтып беремін.



Алғашқы сапар

Ныгмет Ғабдуллин

Повесть
(Соңы. Басы өткен номерлерде)

Суреттерін салған Н. Лебедев

7. Алғашқы сапар

Арада көп айлар өткен. Темір жол училищесін бітіріп, көчегар міндетін атқарып жүрген жастарға жаңа бір қуанышты шақ жетті. Олар енді тікелей жолдамамен машинист жәрдемшісі болып тұңғыш сапарға шықпақ.

Жарқын кеше үйіне барып қайтуға рұқсат алып еді. Ол бүгін ерте тұрып, қамданып, түс кезінде автобуспен жүріп кетті.

Ұзын автобус отырғандарды бесікше шайқап қатты келе жатыр. Көңілді Жарқын терезеден әлсін-әлсін қарап, орныға алмай қопақтай береді. Қарағай ұшар басына дейін қанатын жайып өскен көгілдір таудың ырындағы дөп-дөңгелек көлді жиектеп өтетін тас жолмен автобус Жарқынның аулына қарай тартты.

Терезеден басын шығарып қарады бала. Училищенің қызыл шатыры бұлдырап қана көрінеді. Жарқын бойын ыстық бір толқын биледі. «Училищем» — деді ол ішінен. Қыймағандай көңілі. Жұқа ерні дірілдеп бір сөздерді аңтып отыр. «Ұмытпаймыз сені. Әрқашан келіп тұрамыз. Хат та жазамыз жиі-жиі» деген ой бар онда...

Үйіне бармағалы Жарқынға көп күн болған. Оның бұл жолғы барысы өте орынды және қуанышты келіс. Ол училищені үздік бітірді, көчегар болды. Бүгін, міне, машинистің жәрдемшісі. Бұл — бір жүйе шаттығы. Басқа қуанышы тағы бар: ол ұлы құрылыстардың заказдарын тартатын поезға машинист жәрдемшісі болып барады. Жарқынды ерекше қуантқан осы жайлар еді...

Автобустан секіріп түскен бетінде ол алды-артына қарамай жүгіре басып тура үйіне бет алды. Жарқын үйіне қуанып кіргенде, қысқа жең көйлек киіп, тұлымына шоқтай лента тағып алған бес-алты жасар қарындасы Роза кішкене саусақтарымен бір кітапты жып-жып аудара ақтарып, суреттеріне қарап отыр еді. Ол ағасын көріп, тез ұшып тұрағалып, жүгіріп кеп Жарқынды құшақтай алды. Жарқын реңдес домалақ жүзі жайнап ағасына еркелей қарап:

— Маман қазір келеді. Ол магазинге кеткен, — деді де, төргі терезеге жүгіріп барды.

— Әлі көрінбеді, шақырып келейін бе? Сен кетіп қалма, жарай ма?

Жарқын өзінің рұқсат алып келгенін айтып, Розаны қолынан жетелеп оң жақтағы ұзын скамейкаға барып отырды.

— Сен маған поезды жүргізуді қашан үйретесің? Бүгін үйрет, жарай ма? — деді Роза Жарқынға мөлдірей қарап.

— Үйретуге болар еді. Бірақ, сен кітапты оқымайсың ғой, — деп күлді Жарқын. Өзі кішкене Розаның білмекке талпынуына сүйінгендей.

— Жоқ, мен оқымаймын. Міне көрші...

Роза ағасынан бұрын үйреніп алған сөздерін айтып, кітапты шын танып оқып тұрған адамша іркілмей заулата жөнелді.

— Паровоз жүк тартады. Көмір, темір, май, сүт, ірімшік... Ол бұмен жүреді. Паровозды жүргізушіні машинист дейді. Оның жәрдемшісі болады. Біреу печьке көмір салып тұрады... Бірінші паровозды ойлап тапқан кім еді? — деп мүдіріп қалып амалсыз тоқтады.

— Ұмытып қалдың ба? Алғашқы паровоз біздің елімізде жасалған. Оны ойлап шығарған орыс оқымыстысы Че-ре-па-нов, — деп Жарқын өткен заманның жанашыл, ойшыл ғалымының есімін қарындасына анық етіп жіктеп айтты.

— Жарайды. Енді ешуақытта ұмытпаймын, — деді Роза.

Ол бір кез өзінің туған күні құрметіне Жарқынның сыйға тартқан ойыншық паровозын алып, столдың үстімен әрлі-берлі сүйрей жүгіртіп тұрды да:

— Тр-р-р-р — деп алақанымен баса қойды. — Сен поезды осылай тоқтата аласың ба? — деді Жарқынға.

Жарқын қарындасының сұрағына езу тартып жымыйып түрегелді.

— Паровоз кез келген жерге тоқтай бермейді, — деді ол Розаға түсіндіріп, — жолдың үстінде ұзын темір бағана болады. Оны семафор дейді. Оның ең басында қозғалып тұратын қанаты болады. Егер семафордың қанаты жоғары көтеріліп тұрса, жол ашық. Поезд кідірмей жүре береді. Егер қанаты көтерілмесе, онда паровоздың жолы бос емес. Тоқтайсың. Станцияға жақындағанда екі қанатты семафор болады. Оның төменгі қанаты жоғары көтеріліп тұрса, поезды онан әрі жүргізуге болмайды.

— Сонсың қайтесің? — деді қызыға тыңдаған Роза.

— Семафордың үстінгі қанаты жоғары көтерілгенде

ғана жүру керек. Төменгі қанат машинистке поездың қай жолмен жүретінін көрсетеді.

— Оны қалай көресің?

— Паровозды жүргізуші машинист оның қанатының қалай тұрғанын күндіз анық көреді. Ал, түнде бұл белгілер жарық арқылы беріледі. Жол ашық болса, семафордан көк жарық көрінеді. Ал, қызыл жарық көрінсе, жол бос емес. Жүруге болмайды. Машинист поезды тоқтатады. Семафордан кейде сары түсті жарық көрінеді. Ол «байқаныз» деген ескерту.

— Қандай ақылды! — деп таңырқады Роза.

— Ақылды ол емес, адам, — деді Жарқын. — Темір жолды бақылаушы арнаулы кезекші болады. Семафорды солар басқарып отырады.

«Жарқын бәрін біледі. Оның қолынан бәрі келеді. Ол паровозды өзі жасай да алады. Мен де Жарқындай боламын!» Кішкентай Роза осындай оймен күлім қаққан көздерін ағасынан алмай қарайды.

Ол шешесінің келе жатқанын терезеден көре сала:

— Мамам келеді, Жарқын! — деп есікке қарай тұра жүгірді.

Жарқын Розаның қолынан ұстай тысқа бірге шығып еді. Орта жастағы, толық денелі, ақсары келген Жамал баласын қушағына алып: «қалқам-ау, сағынып қалыппын ғой!» деп Жарқынды бетінен сүйді...

Әр ана өз баласының өнерлі ісін мақтан етеді, сүйінеді. Сенің бірінші тәрбиеші ұстазың сол ана! Жамал бүгін Жарқынның мамандыққа жолдама алып келгеніне жүрегі елжіреп қуанып еді. Көз алдында есейген, ержеткен адам тұр. Қарап отырса, ұлының сөздері де сабырлы, ойлы шығады. Кішкентай Розаға ақылшы боп, қамқор етуіне қараңыз! Я, өзі кәдімгі тәрбиеші сыяқты. Әлгіінде сыртқа жүгіріп шығарла қарындасының еденге тастап кеткен кітабын еңкейіп көтеріп алып: «мұның жарамайды, Роза. Бұл — кітап, мұны жақсы көр» деп ескертіп жатыр. Сыпайы сөйлейді. Қыймылы икем. Бойы да таралып өскендей. Белін қынай буынған қаракөк гимнастеркасы өзіне өте жарасып-ақ тұр. Училище бұған мамандық беріп қана қоймапты. Жанына әдептілік те ескендей. Солай-солай, училище нағыз адамдарды тәрбиелеген. Рахмет оған!

Үйге еніп, дөңгелек столды ортаға ала шай ішіп отырып, Жамал ұлынан сөз тыңдағанда, осылар ойына кел-



ген еді. Жарқын кеңесті өзінен бастамады. Әр жолдасының өнерлі ісін, кочегар кезіндегі еңбек жолын көңілденіп отырып баяндады. Енді бір кезде достарының жаңа мамандық алған қуанышын шертті. Бар тамашаны, өз әсерін жырдай ғып шешесіне төгіп отыр. Бабында тұрған домбыра шеберінің қолына тигендей әсем нақысты ырғақпен тартылып кетіп еді. Жамал қастарын кере түсіп, ұлына мейірмен қарайды. Оның өнер несі болғанына қуанады, сүйінеді, мақтанады. Білгір Роза әлсіз-әлсіз сұрақ қойып, ағасының сөзін бөліп отырды.

Жарқын өзінің алғашқы сапарға жүретінін айтып еді анасына.

— Мамам екеуміз шығарып саламыз. Жарай ма, Жарқын? — деді Роза еркелей күліп.

— Жарайды, Розочка, — деп жымыйды ағасы.

Жамал орнынан түреген келіп, Жарқынды аймалап:

— Ержетіп, жұмысшы болудың алды осы, ұлым. Бұл құрметті атқа лайық іс ете біл! — деп жұмсақ алақанымен арқасынан қақты. Ана жүрегінің аңсар, күтер, әмір етер тілегін айтты...

* * *

Станция бастығының қабылдауында болып шыққан Жарқын депоға барып аға машинистке тағы бір жолықпақшы болып еді. Роза депоға бірге ала баруын қоймай өгілді. «Мен де барам. Маған ешкім ұрыспайды. Сенің паровозыңды көрем» деп жып-жып етті. Жарқын әбігерлене киіне бастаған қарындасына жымыйып тұрып «жарайды», деп ертіп алды.

Бұлар депоға тез жетіп еді. Роза жан-жағына алақтан қараумен барады. Рельс үстінде үй-үлкей паровоздар тұр. Құлағына даңғырлаған, гуілдеген тынымсыз бір үн естіледі. Дәл төбесінде қармағын түсіріп, жап-жаппақ бірдене сырғып келеді. Роза одан көз алмайды. Темір ілгек паровоздың үлкен дөңгелегін жерден жанқадай көтеріп әкетті.

— Анау немене? — деді қызық көрген Роза ағасына.

— Көтергіш кран...

Олар дабырлап сөйлесіп, оң жаққа бұрыла бергенде, арттарынан Жарқынға таныс дауыс естілді.

— Мынау кішкентай қыз мұнда нағып жүр?

Жарқын кейін бұрылып қарағанда өзіне таныс аға машинисті көрді.

— Мен оның паровозын көре келдім, — деді Роза әлгі сөздің өзіне айтылғанын аңғарып. — Ештемені бүлдірмеймін... Мен кішкентай емеспін ғой.

Өткір қара көзді, ақсұр келген аға машинист кішкентай қыздың пысықтығына сүйінгендей:

— Жасың нешеде? — деп сұрады жақын келіп.

— Отызда.

Розаның өзі білетін сандарының ішінен аузына бұрып түскен цифр осы болды.

— Үлкен екенсің ғой?

— Аһа. Мамамның әкеліп берген кітаптарын жыртпаймын.

Роза үлкен адамдарша асықпай сөйлеп, орнында тұрма дегендей тұлымына таққан лентасын оң қолымен байқап қойды. Оның бұл қылығына қызыға қарап тұрған аға машинист Жарқынға кезін қысып:

— Міне, нағыз сыңшы. Паровозымызды көрсетейік, — деп жуан даусымен күліп сөйледі де Жарқынға:

— Ал, машинист жолдас, өз халің қалай? Жолға әзірмісің? Ертең тұңғыш сапарға шығасың. Ұлы құрылыстың заказын тартамыз, — деп еді.

— Мамам екеуміз сендерді шығарып саламыз. Біз колхоздан сол үшін келдік, — деді Роза сөзге араласып...

Жол жүретін адамның көңілі елегізіп тұратыны қандай. Қашан аттанып кеткенінше асығулы еді Жарқын. Ертеңіне ол депоға тым ерте келді.

— О, жарайсың жігіт. Паровоз жүргізушілер ұйқышы болмайды, — деп көңілді амандасты оған аға машинист. Ол Жарқынға екі сағаттан соң сапарға шығатынын ескертті, «Жолға толық әзірмісің» деп сұрады.

— Я, дайнымын. — деп нык айтты Жаркын.

— Жақсы. Өте жақсы онда, машинист жолдас!

Аға машинистің бұл сөзіне Жаркын көтеріліп қалды. Бұлар өз паровозын соңғы рет байқап, тексеріп өтті. Жаркын қолына майлы шүберек алып, котолмен тендерді жалтыратып сұртті. Ол бір кез тендердің үстіне шығып, тастай көмір кесектерін ауыр балғамен ұнтақтап жатты...

— Паровоз жолға шығуға дайын! — деп дауыстады аға машинист.

— Түсінікті. Машинистің маршрутын алыңыз, — деп депо кезекшісі оған графаға бөлінген бір қағазды ұсынды.

Машинистің маршрутында поездың ауырлығы, составтың ұзындығы, қысқасы, сол поезд жанында барлық ақпар болады, ал, жол үстінде — әр станция арасында поездың қанша уақыт жүргені, кідіргені — барлық жай сол қағазға жазылады. Машинистке поездың салмақ мөлшерін білу — ең маңыздысы. Өйткені, шапшаң жылдамдықпен жүрер болса, паровоз шамадан артық жүк тарта алмайды. Тек әбден ысылған, тәжрибелі, шебер машинистер ғана паровозына мөлшерден тыс ауыр жүкті тартқызып әкете алады. Оларды «ауыр салмақты поезды алып жүрушілер» деп атайды.

Осының бәрі көкейінде сайрап тұр Жаркынның. Аға машинист оған:

— Келесі сапарда ауыр салмақты поезды алып жүрміз! — дегенде қатты қуанды Досов...

* * *

Паровозбен алғашқы қуанышты сапарға жүргелі отырған оқушысын шығарып салуға келген Иван Павлович Жаркынның шешесі Жамалмен станция алдында сөйлесіп тұр еді.

— Міне, енді есейіп, жұмысшы болған, өнер иесі болған ұлыңыздың шеберлігін көресіз, — дейді мастер жайдары үнімен.

Жамал жүзінде шаттық ойнап, көңілі толқығандай болып, өз ұлының қадірлі қарт ұстазына жүрек алғысын айтады.

— Рахмет, Иван Павлович! Менің балам сіздің оқушыңыз. Оны бұл өнерге сіз үйреттіңіз. Рахмет! — дейді.

Үстіне комбинезон киіп алған Жаркын машинистің будкасына асыға еніп кетті де, іле қайта шықты. Будканың табалдырығында тұрып Розаға қарап жымыйып күлді. Асығып жүргенде мандайына қарамай жұқтырып алыпты.

— Мама, Жаркынға қарашы!

Роза ағасынан көз алмай манадан бағып тұр еді.

— Бетіне күйе жағып алыпты, — деді ол сықылықтап күліп. — Жаңа анаған енгенде бетін әдейі бояп алыпты, — деп кішкене саусағымен машинистің будкасын нұсқады. Сен неге күлесің, Жаркын?.. Бетің күйе-күйе! Хи-хи-хи...


Жаркын бұған қымсынған жоқ. Кеудесін шалқақ ұстап, масаттана түскендей. Оның бұл қалпы «мандайға жүкқан — жұмысты беріліп істегендіктің белгісі» дегенді аңғартқандай.

— Үстім бүлінеді деп жұмыстан қашқан болса, Жаркын мына үлкен паровозды жүргізе де алмас еді, — дейді Жамал қызына.

Жаркынның бірге оқыйтын жолдастары да станция басына келген-ді. Паровоздың қасында жүрген Махмет күлімдеп келіп:

— Сигнал берілді. Қане, Жаркын, әкел қалды! Сен бірінші болып сапарға шықтың. Жолың болсын! Бүгін Жакан екеуміз де сапарға шығамыз, — деді жас машинистке жымыйлап барып. Жаркын оның қолын қысты.

Иван Павлович көпті көрген көздері күлімсіреп, тату достарға қарайды. Жаркын мен Махмет арасындағы бір кездегі керіс те түсіп кетті есіне. Енді міне, бүгін көрші!



Қаяуы жоқ, шынайы көңілдер бар. Қарт мастер соған қуанады.

Паровоз иес-иес етіп ақырып демалып тұр. Тізілген вагондар: біріне жер қазғыш үлкен экскаваторлар, жүк машиналары тиелген, енді бірінде жуан-жуан бөренелер, алып трубалар бар. Роза бәріне де құмарта қарайды. Бар ықласы Жаркынның паровозды қалай жүргізгенін көру. Өз көргенін кейін құрбыларына айтып беруге және де қандай шебер ол!

Паровоз мандайындағы әдемі үлкен қызыл жұлдыздың үстінде «Комсомолец» деген жазу бар. Одан сәл төменірек «Ұлы құрылысқа» деп қызыл матаға сәндеп жазылған.

Жүруге белгі берілді. Семафор жол нұсқап қанатын жоғары көтерді. Аға машинист ребреті жылжытты. Паровоздың дышласы керіле қозғалып, поезд ақырын жылжый жөнелді. Роза екі қолын бірдей бұлғақтатып, аз үндемей тұрды да:

— Жылдамырақ, жылдамырақ, жылдам!.. Тез!.. Шапшаң! — деп ағасына бұйрық беріп айғайлап жіберді. Бірақ, Жаркын, оның даусын естіген жоқ. Ол будкадан басын шығарып бір қарады да, «Міне енді жүйткі-теміз» дегендей паровозды ысқыртып қалды.

Иван Павлович та поезға қарап күлімдеп тұр. Көзінің етегіндегі терең әжімдері қарт мастердің өзі жетілтіп, әр бағытқа өзі ұшырған түлектерінің тарам-тарам сапар жолдары сыяқты. Ол ойлы көзі алысқа қадалып, жас өрендерінің нұрлы болашағын көргендей сезім қушағына енеді, өз түлегі биікке самғап бара жатқандай...

Станциядан ұзай паровоз екпінді ағынға басты. Дөңгелектері сыртылдап, биік мандайы ауаны тіліп жүйткіп келеді. Мүржесінен будақ-будақ шыққан түтіні иреңдей шұбатылып еріп барады. Тендер үстінде жел ойнады. Жаркын көмір үгіні түспесін деп көзіне жұмысшының жалпақ көзіадірігін киіп алды. Ол темір күрекпен лодкаға*) көмір үстеп салды да, балбырап қызарған жүзінде сүйкімді шырай туып, машинист будкасының сол жақ терезесінен далаға тамашалай қарап тұрды. Жол қуалаған көрсеткіш бағаналар Жаркынның көз алдынан зу-зу етіп өтеді. Ол жасқана түсіп көзін жұмып қалады. Алдан ескен қатқыл жел терезеден басы қылтыя қалған

* Көмір салатын жәшік.

жас машинисттің томпақ бетіне ойнағандай ұрғылап кетеді. Жаны осыны сүйгендей Жарқын қалпағын күнқарынан басып, төмен тұқыртып, кумаршыл көздерін алысқа қадайды. Сүйіне түсіп қызықтай қарайды.

Жүйрік поезд мол шабындық алқапты қақ жарып өте беріп еді. Кең дала, сұлу жазық. Көз ұшында өздігінен жүретін шөп машиналары сыртып барады. Бір шөпшінің жайдары түсін тап тусынан өткенде, анық байқады Жарқын. Ол бұған күлімсірейді. Оған қарап Жарқын да жымыяды. Құлағына шөп қырыққан машинаның сусылы естілгендей болды. Енді бірде үйілген мая-мая биік шөптер көзге түсті. Әріректе бір трактор кірелерді таудай ғып ысырып-ысырып әкеп, бір жерге үйіп жатыр. Жарқын бәрі де тамашалап барады...

Теңіздей толқынданған көк егін көрінді. Егін сабағы биіші қыздың біресе білезігінен төмен иіліп, біресе назбен қайта жоғары толқыған сұлу қолындай бұлғақтап көз тартады. Бойжеткенін паш еткендей. Поезд бітік егінді жиектей тартқанда: «ерте пісетін жаздық бидай болуы керек. Бастары сарғайып қалыпты» деп ойлап еді астықты колхозда ескен Жарқын.

Жас машинист көңілді. Поезд жер бауырлай ұшып бара жатқан сияқты. Бір сәтте ол жап-жасыл қалың орманға заулап келіп кіре беріп еді. Әралуан ағаш бас шұлғысып, сыбдырласып, сәлем етіп қалғандай. Жүпар исін сіміре жұтып отыра берер ме едің саясында! Орман шеті селдіреп, таусыла бергенде паровозбен жарыса кеткендей асыға ағып, бұрандап өзен шықты. Ерке су көп жер қалмай жарысып келді де, ере алмасы енді сезгендей еңіске қарай жалт бұрылып кетті.

Поезд екпіні үдей түскендей. Жаңа ғана сонау алыстан көрінген құба бел бұлдырап кейін қалды. Телеграмма бағаналары сымдары гүлдеп жалт-жалт өтіп жатты. Жол бойына егілген қорған ағаштар ғана қаптап жатты еріп келеді.

Күн ыстық. Будка терезесінен аңызак жел еседі. Жарқын паровоз екпініне сүйінеді, өз ісіне шат болады. Судың қай шамада екенін білу үшін көрсеткіш шыныға әлсін-әлсін қарап қояды.

— Қалай, балақай, су азайып қалған жоқ па екен? — деді аға машинист.

— Жеткілікті.

Аға машинист паровоз жүрісіп шапшаңдата түсті. Ол тершіген маңдайын алақанымен сыпыра сүртті де, комбинезонының түймесін ағытып жіберіп:

— Саясыз шөлде екілесе ескен бұл аңызакты енді бірер жылда білмейтін боласың, — деді Жарқынға. — Кешегі құмды дала жасыл алқапқа айналады, гүлге орнады. Ауасы жұпар. Саялы самал. Көңіл шат. Бақытты тұрмыс... Міне, бізге деген қамқорлық... Мысалға сені алайық... Темір жол училищесіне кеше ғана түстің. Енді міне, машинисттің жәрдемшісі, паровоз жүргізушісің. Маман темір жолшылардың бірісің...

Жарқын оның сөзін аса бір ынтықпен тыңдады. Жас адам өзінің өткеніне оймен оралып, жас қыялға қанат қақтырып, болашағын шолдырады. Бақытты келешек қол бұлғап мұны күтіп тұрғандай. Жарқын тұла бойын ыстық сезім билеп, жүрегі алып ұшты...

Дөңгелектері зырыл қағып зымырап келеді поезд. Дөңгелеке айналып артта қалып жатқан сұлу далаға терезеден қарап тұр Жарқын. Поезд ілгері ұмтылған сайын мұның көңілі өсе түскендей. Жас қыялы талпынып қанатын алға қағады. Ол училищені бітірді. Мамандығы бар. Осы жеткілікті ме? Бір өнермен ғана шектеліп қалу керек пе? Көп өмірі әлі алда оның. Нағыз адам болу арманы үлкен-үлкен міндет артады. Машинист будкасының ішінде тербеле түсіп Жарқын қазір осы ойлар соңында келеді.

Осындай тәтті үміт үстінде Жарқын жақсы арман туралы көп айтатын Саша жолдасын есіне алды. Бондарчук конструктор болуды аңсайды. Жоғары білімді инженер болып алып, паровоздың жүйрік, күші де мол

жаңа түрін жасауды ойлайды. Бос қыял емес, жүзеге асар нұрлы арман. Мұндай ой Жақанда да бар. Бірақ, ол Махметше жұртқа жар салып жүрмейді. Училищені бітірген күні айтқан оның бір сөзі Жарқынның есіне түсті. «Енді бес жылдан соң қандай боламыз? Біреу машинист, біреу мастер. Енді біреу паровоздың жаңа түрін ойлап табар... Біздің балалардың бәрі жақсы!» деген-ді ол Досовқа.

Жарқындар аттанарда «Жақан екеуміз де бүгін сапарға шығамыз!» деп еді той Махмет. Жүйрік поездда ол да келе жатқан болар. Көңілді бала! Сенің қолыңнан бәрі келеді. Сен жақсы машинист бола аласың. Әкең қолыңды, мен де сенен қалыспаймын! Жарқын ойында осы бар. Ол ақырын ғана жымыяды. «Сен қазір не ойлап отыр екенсің, Махмет!» — деп ыстық сезімнің ынтығына беріледі.

...Бұл кезде көмір тартқан екінші бір поездда бара жатқан Махмет селдір мұртты, шикіл сары машинисті сығырайта күлдіріп, өзінің паровоз жөндеу кезінде көзін оңдырмай ұрып алғанын соғып тұрған еді.

— Озаттардың тапсырмасын орындамақ болдым. Асықтым. Бір кезде ұшып түстім. Қабағыма болт сарт ете қалды. Мұнан кейін бірнеше күн ауруханада жаттым... Нечего. Бұл ештеме емес. Практиканың соңында біздің балалар үлкендердің нормасын орындауға бәрібір жетті, — деп мақтанды. Бір сәтте озат машинист бойғысы келетінін ынтыға айтып кетті...

...Ымырт үйіріліп қаранғылық түсіп келе жатты. Көк жиекке еңкейіп келген күн қызыл сары сәулесін биік аспанға шашыратып, жүзі күрең тартып, батып барады. Енді біразда даланы қою түн басты. Жылт-жылт етіп аспанда жұлдыздар жыпырлай қалды. Бозарып ай қалқып барады көкте. Маңдайындағы үлкен шамы жарқырап паровоз заулап келеді. Вагон дөңгелегінің сырт-сырт етіп зырыл қаққан үні алыстан естіледі. Жол бойында түнде жанған қызыл, сары, көк жарықтар поездға көзін қысып жол нұсқайды. Семафор тілің қыядан ұғып машинист отыр.

— Қандай тамаша еді! — деп Жарқын дала нұрына қызыға қарап қалып еді.

— Электрлі ауыл. Бұл жұлдыздар сол ауылдың үстінде жанған электр оттары, — деді аға машинист.

Аға машинист Жарқын жүзінен оның сезім күйін танығандай еді. Паровоз екпінін үдете түсті. Терезеден жолды барлай қарап отырып, бір кезде ол ажарлы бетін Жарқынға бұрып:

— Паровозбен түнде сапар шегу қандай қызықты, ә! — деді.


— Өте жақсы! — деді Жарқын.

— Солай, солай, достым, әрқашан да тамаша. Сен машинистсің. Сен ел жүгін, халық ырысын тартасың. Бұл — үлкен бақыт, үлкен шаттық емес пе! — деді аға машинист, Жарқынның арманын ұштап қуанып кетті.

Машинист жәрдемшісі жұқа ерні дірілдеп бір сөздерді іштей қайталап тұрды: «Сен ел жүгін—халық ырысын тартасың». Осы сөз оның бар құрбы, сабақтас достарына арналғандай. Қанатты ой Жарқынды сол жолдастар ортасына ұшырып алып та барды. Бір сәт ол сүйікті мастерінің ақыл-кеңесін тыңдап қалған түрге енеді. Ойшыл кәрі көздері күлімсіреп Иван Павлович оқушыларының арасында тұрғандай. Енді бірде жақсы, тәтті тілекпен, сенімді үмітпен сонала Жарқынның үйінде айтылған ана сөзі еске түседі. «Мен нағыз совет жұмысшысы боламын» деген берік ой бар Жарқында. Арман қыялы тек соған — жақсы азамат болуға талпынтады...

Машинист жәрдемшісі болып жолға шыққан көңілді, қызықты алғашқы сапарында, Досов Жарқын жол үстінде осындай ыстық бір ұшқыр сезімнің құшағына еніп еді. Коммунизм құрылысының жүгін тартқан поезд жүйіткіп келе жатты...

Соңы



Бір класта

Оқу жылының алғашқы күндерінің бірі еді. Төртінші «Б» класындағы отряд вожатыйы Коля Ефимов сабақ соңынан класс жетекшісі Мария Павловна Евстратоваға келді.

Коляның бір маңызды мәселе жөнінде ақылдаса келгенін Мария Павловна айтпай-ақ сезеді. Өйткені, оның Мария Павловнаның алдына келіп тұрғаны тек бұл ғана емес. Коля класта оқу-тәрбие жұмысын жақсарту ісінде мұғалімдердің, әсіресе, класс жетекшісі Мария Павловнаның шын көмекшісі болып алған-ды. Класстағы пионер отрядын сабақты жақсы оқуға, қызықты, пайдалы жұмыс жүргізуге жігерлендіріп, жақсы ұйымдастырушы ретінде мұғалімдердің сеніміне не болған-ды.

Бұл жолы да Коляның текке емес, бір маңызды мәселе жөнінде ақылдаса келгенін бірден сезген Мария Павловна оны көңіл қоя тыңдады.

— Мария Павловна,— деді ол қолындағы дәптеріне қарай түсіп,— өткен оқу жылын біздің отряд пионерлерінің ойдағыдай аяқтамағаны өзіңізге мәлім ғой. Өткендегі кемшілікті алдағы уақытта қайталамау үшін кәзірлен бастап не істей аламыз, сол туралы сізбен ақылдаса келіп едім.

— Бұл менің де ойымда жүрген нәрсе еді. Пионерлердің өз бастарында болған кемшілікті

өздері сезіп, ол туралы өздері мәселе көтеруі өте орынды, тіпті қуанарлық іс. Кәне, бұл жөнінде пионерлердің қандай ұсынысы бар екен? — деп сұрады ол.

— Актив пионерлермен әңгімелесіп көріп едім,— деді Коля, өзінің айтқалы отырғанын мұғалімнің қалай қарайтынын білмей, сәл қобалжып,— олар көп мәселе айтты. Мысалы, бірінші звеноның пионерлері уақыт кестесі жөнінде жыйын өткізуді ұсынды. Екінші звенодағылар әрбір пәнге арнап жыйын өткізуді тілейді. Ал, үшінші отряд ұқыптылық туралы әңгімелескілері келеді...

— Мұның бәрі де қажетті, бәрі де дұрыс,— деді мұғалима сәл ойланғаннан кейін,— бірақ, осы жұмыстардың ішінен ең пайдалысын, пионерлердің сабақ үлгіруіне көбірек көмектесетін түрін тандап алған жөн. Мәселен, төртінші «Б» класының оқушылары былтыр, үшінші класта жүргенде, әсіресе, орыс тілі және математика пәндерінен көбірек ақсады. Ендеше пәндік жыйын өткізгенде осы сабақтарға көбірек көңіл бөлген жөн болар. Бәрі бір класта оқығандарымен, әр оқушының әртүрлі тілегі, талабы болады. Біреу, мысалы, әр пәннің өмірдегі пайдасы, маңызы туралы, екінші бір оқушы тұрақты білім алу жолында қалай еңбектену, уақытты қалай пайдалану керектігі жө-

нінде, енді біреу кітаппен, көрнекті құралдармен қалай жұмыс істеу қажеттігі туралы көбірек білгісі келеді. Класта бйыыл жаңадан келген оқушылар да бар. Олар әсіресе алғашқыда жолдастық көмек, коллективтік қамқорлықты керек етеді. Міне, осындай басты мәселелерге көбірек көңіл бөлгендерің тәуір болар еді. Мұндай жақсы бастамаларына көмектесуге мен де, басқа мұғалімдер де әзір...

Мария Павловна бұлардан басқа да көп кеңес айтты. Оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға бағытталып отрядта жүргізілетін істердің бәріне де оқушы пионерлерді тегіс қатыстыруды, сөйтіп, олардың өнерпаздығын, инициативасын өрістетіп отыруды ескертті.

* * *

Келесі күні Коля Ефимов звено вожатылары, түрлі үйірмелердің жетекшілерін жыйнап, Мария Павловнаның кеңесін түгел айтып шықты. Мұғаліманың айтқандарына қуанған пионер активі енді сөзден іске көшуге ұйғарды.

Отрядтың кезекті жыйыны «Ұлы орыс тілі» деген тақырыпқа арналатын болды. Пионерлердің өтініші бойынша жыйында осы тақырыпқа орыс тілі пәнінің мұғалімасы Зинаида Степановна Фролова әңгіме айтады. Жыйынға барлық звено, тіпті әрбір жеке пионер тыңғылықты әзірленді. Мәселен, үшінші звеноның пионерлері ұлы адамдардың орыс тілі туралы айтқандарын, даңқты акындардың орыс тілінің ұлылығын мадақтап жазған өлеңдерін жыйнақтап, жазбалы альбом құрастыратын болды. Осы материалдарды тауып алу үшін пионерлер көптеген кітап, мақалалар оқыды екен. Мұның өзі де көп пайда емес пе! Екінші отрядтағылар жеке сөздердің тарихын зерттеуге кірісті. Олар, әсіресе, орыс тіліне Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін енген сөздердің тарихын зерттеді. Төртінші отряд осы жыйынға арнап фотоальбом, қабырға газетін шығарды.

* * *

Мектептің кең, жарық, таза клубы. Клубтың іші бүгін әдеттегісінен де жайнай түскен. Оны әсемдеген төртінші «Б» класы пионерлерінің өздері еді. Олар терезе алдына шок-шок гүл қойған, қабырғада ұлы адамдардың ұлы орыс тілі туралы айтқандарынан үзінділер жазылған плакаттар, осы жыйынға арнап шығарылған отрядтың қабырға газеті, пионер туы... Жыйынға үшінші класс оқушылары да шақырылыпты. Пионерлер орыс тілі сабағының мұғалімасы Зинаида Степановнаның әңгімесін қызыға тыңдады және өздері білмейтін көп жаңалықтар есітіп білгендеріне қуанды. Жыйында оқу озаттары өздерінің орыс тілін үйренудегі әдістерін айтты. Бәрінен де пионер Еркін Жұмашевтің сөзі әсерлі болды.

Еркін былтыр, үшінші класта жүргенде орыс тілінен нашар үлгірді. Бұл пәннен ол кейде «үштік» баға алса, кейде тіпті «екілік те» алып қалып жүрді. Мұның себебі не? Мұндай сұрақ осы жыйынға арналып шығарылған қабырға газетінде жазылған екен. Сұраққа Еркіннің өзі жауап берді.

— Мен басқа сабақтардың бәрін де жақсы оқыймын. — деді Еркін, — ал, орыс тіліне келгенде қабілетім нашар сыяқтанды да жүрді. Мен бұл қатемді кейін ұқтым. Шынында, зер салып, ұқыпты оқысам, бұл пәнге де қабілетім әбден жетеді екен. Орыс тілін үйренуде кластағы сабақты әбден түсініп оқумен қатар әдебиет кітаптарын оқығанның пайдасы көп. Жазғы каникул кезінде мен көп кітаптар оқыдым. Кітапта кездескен түсініксіз сөздерді арнаулы дәптерге жазып жүрдім. Оны мектепке келгеннен кейін мұғалімдердің, кластас жолдастарымның көмегімен түсініп алдым. Бұл — сөз байлығымды арттырды. Алдағы уақытта басқа сабақтармен қатар орыс тілін де өте жақсы бағаға оқыймын деп жолдастарымды сендіремін.

— Еркіннің былтыр орыс тілін нашар оқығанына біздер, бүкіл отряд кінәліміз, — деді бұдан кейін сөз алған Вова Руденко. — Өйткені, біз Еркіннің орыс тілінен нашар үлгіріп жүргенін көре тұрсақ та, оған шындан жолдастық көмек көрсете алмадық. Екіншіден, оның қатардан қалмай, жақсы оқуын дер кезінде қатаң талап етіп отырмадық. Алдағы уақытта біздің отряд коллективі өзінің әрбір мүшесінің алдына қатаң талап қойып, пионерлердің тегіс жақсы, өте жақсы оқуына жетуіміз керек.


Жыйында сөйлеген пионерлер отрядта, жеке звеноларда былтыр жүргізген жұмыстарын еске алды, алдағы уақытта оқушылардың сабаққа үлгірімін арттыруға көмектесетін жақсы ұсыныстар айтты. Әсіресе пәндік жыйындар өткізу, экскурсияға жиі шығып тұру, оқыған кітаптарын бірлесіп талқылау, даңқты адамдармен кездесу кештерін ұйымдастыру, тағы басқа осындай пайдалы істерді жүргізуге көп көңіл бөлінді. Бұдан бұрын өткен отрядтың есеп беру-сайлау жыйынында отряд советінің жана құрамы сайланған еді. Сол отряд советінің жана құрамы жұмыс жоспарын жасаған кезде пионерлердің осы, соңғы жыйында айтқан ұсыныстарын негізге алатын болды.

Оқу жылының алғашқы күнінен тыңғылықты, ұқыпты оқығанда ғана тұрақты білім алуға болады. Мұны Алматыдағы 23-мектептің төртінші «Б» класындағылар жақсы біледі. Сондықтан олар бұл міндетті кәзірден бастап шешуге жұмылуда.

Г. Хателов.

Ақжал

Суреттерін салған Ю. Мингазитинов



Әңгіме

Жапалақтап жауған алғашқы қардан соң аяз басталды. Сыр бойына орналасқан жылқышылар аулының айналасы ақ макта рендес ақша қардан ақ көрпе жамылды. Жылқылар өрістен қайтарылып, жылқышылар малға да, жемшөпке де сақ бола бастаған.

Сабактан кеш кайтқан Жанат жылқы қора жақтағы жолмен келе жатып, әкесінің біреуге сөйлеген сөзін естіп, тұрып қалды.

— Қыс қатаң басталды, қатты болады, әсіресе, жоңышқаға сақ болайық, артық жұмсалмасын, артық жұмсалса, арты жақсы болмайды,— деді әкесі.

«Неге бұлай» деп Жанат бір ойды ішіне түйсе кетті.

Кешкі тамақ ішіліп болған соң, Жанат сабағын әзірлеуге отырды. Біраздан соң, қолына қағаз алып жылқы қораға келді. Қора ішінде электр шамы жарқырап тұр. Таза жерге, соны шөпке байланған колхоз жылқыларының кісінеуі де басқаша, күйлілігін мал сырын білетіндер ә дегеннен аңғарғандай.

Жанаттың қораға басын сұғуы мұң екен, жылқылар кісінеп қоя берді. Әсіресе, есіктің оң жақ кіре берісіндегі Ақжал айғыр жер тепсініп, оқыранды. Ол қолы тимегендіктен үш күннен бері қораға басын сұқпаған Жанатты қатты сағынған тәрізді. Жанатқа қарап, еңгезердей басын шұлғи береді.

— О, ақмақ, қатты кісінеме, жайырақ! — деп Жанат Ақжалдың жалын сыйпалды. Ал, Ақжал болса, бар тапқаны аузымен Жанаттың қолын аймалайды.

— Қәні, тыныштал, суретінді саламын,—

деп Жанат, бір мезетте Ақжалдың тұмсығын өзінен әрі қарай итерді. Ақжал да нақ бір оның сөзіне түсінгендей тұмсығын тартып алып, тынышталды.

— Қара да тұр, сенін суретінді қатырып салып, «Ә» аламын,— деп Жанат Ақжалдың суретін қағаз бетіне түсіруге кірісті. Қолының қыймылы жылдам, қара бояуы мол қарындаш қағаз бетінде жүгіріп, ілезде қамыс құлақты, алып денелі, жібек жалды бір жылқы пайда болды...

Ол суретті салып бітіруге таянғанда Ақжал тағы да қатты кісінеп жіберді.

— Жоңышқа ғой саған керекті,— деп Жанат қағаз қаламын былай қойды да, жоңышқа әкелуге кетті.

Жанат құшағын толтыра көк жоңышқа алып кайтқанда, Ақжал бар пәрменімен тағы кісінеді. Алдындағы ақырына хош иісті көк шөп түскеінде, тұяғымен жер тепсініп барып, жоңышқаға тұмсығын құныға тықты.

...Соның үстіне Жанаттың әкесі Базарбай келді. Қабағын шытпаса да, жылы жүзбен, жұмсақ сөзбен ескерту жасады.

— Бұлай етпе, балам, жоңышқаны аздап бер.

Жанат әкесіне жалт бұрылып қарап:


— Күндегі нормасы осы емес пе! — деп еді.

— Қалқам, жоңышқаны қысыңқырап, басқа шөппен араластырып беру керек,— деді.

Жанат жағдайға енді түсінейін деді. «Ымм, мен үйде жоқта, малға жемшөп беру жөнінде біраз өзгеріс болған екен ғой» деп қорытты ол ішінен.

...Жанат Ақжал айғырды құлындайынан қолда өсірді. Енесінен ерте айрылған Ақжалды Жанат өз қамқорлығына алып, жемнің түрлі түрін жегізген. Тіпті анасынан талай-талай аппақ ұн да сұрап алып, үлпедей аппақ қамырға да тойғызған. Жанаттың білуінше, Ақжалдың бір жаман әдеті бар. Жақсы нәрсені жегізіп көрсен болды, күнде берді шығарады. Жанат оқуынан келгенше екі көзі төрт болып тепсініп тұрып алады.

Міне, бүгін де солай болды. Жанат бір құшақ жоңышқаны Ақжалдың алдына салып, үйге келді, ертеңгі сабаққа дайындалуға



отырды, арифметикадан берілген тапсырманы орындап болған соң, таза ауа жұтуға далаға шықса, Ақжал тағы жоңышқа сұрап тұр... Кісіней-кісіней шаршаса керек, оның таныс даусы Жанатқа, қарлығып шыққандай болып естілді.

Жанат шыдай алмады. Жалма-жан Ақжалдың жанына жетіп келді. Түн іші болса да, жануар Ақжал басын көтеріп алып, ерке-легендей өзіне жақындаған Жанатқа көзін тігіп, құлақтарын қайшылап ойнақшып тұрды.

Жанат келген бойы бір бау құрақ тастап еді, Ақжал оны елең де етпеді. Бар болғаны Жанаттың қолын жалап, үстін иіскелеп оқырана береді.

— Кайт дейсін, қалай еткенмен де, нормадан артық жоңышқа бере алмаймын,— деп Ақжалдың жібектей жалтыраған жалын сыйпап, Жанат тұр.

Әйтсе де, бұл жағдай өте ауыр. Қолхоздың маңдай алды, асыл тұқымды айғыры Ақжалдың қыйналуы Жанатқа әрқашанда ауыр тиеді. Амалы бар ма, тіпті болмаған соң «ештене етпес» деп бір қысым жоңышқа тастады. Ақжал оны ілезде жоқ қылды. Тағы кісіней бастады... Енді не істеу керек?

* * *

Жанат біразға дейін ұйықтай алмады. Қанша ойламайын десе де, Ақжал көз алдына келе береді. Оқыранып, жер тепсініп кісінейді. Жоңышқа бер дейді. Ал, Жанат жайбаракат төсегінде жатыр. Бар жоңышқаны беруге әкеден именеді. Енді сөз жоқ, Ақжал арықтай бастауы мүмкін. Сонда қамқорлығына

алған жалғыз айғырды аздырып не бітірдім демек.

Сөйтіп жатып қалғып кеткен Жанат таңертең есіктің алғашқы тарс етіп ашылуымен бір-ақ оялды. Апыл-тұпыл киініп, бетін де жумастан жылқы қораға келді.

Ақжал күндегідей кісінеп қарсы алды. Базарбай қарт ерте тұрып бір бау шөпке жоңышқа араластырып алдына салған екен, жоңышқасын теріп жең, басқасын бір шетке ысырып тастапты. Іші тартылып қалған. Жем жемегені анық. Жаны елжіреген Жанат Ақжалға қадала қарап еді, айғырдың көздері жасаурағандай көрінді оған.

— Шыда, Ақжалым, жай шөпті де жең үйрен, тәттіге тым әуес болып кеткенсің, — деп ол өзін-өзі ұстағанынанмен де, даусы дірілдеп шықты.

Ал, Ақжал болса Жанаттың қолын, үстін жалап: «жоңышқа, жоңышқа» дегендей. Қайтсем екен деп Жанат тұр. Ақыры шыдай алмады. «Бір рет тойдырайыншы, сонан соң іркермін» деп ойлады да, Ақжал тілегін орындай берді, орындай берді...

* * *

Ақжал ертеңіне өзгеріп шықты. Мектептен Жанаттың келгенін елең де еткен жоқ. Басын төмен салбыратып, баяу қыймылдайды. Жанат келіп жалын сыйпағанда ғана басын көтеріп, қайтадан баяғы қалпына көшті. Бірақ, алдына салған жоңышқаға қарамады...

Жанат енді бір минут те мүдірген жоқ. Қолхоз председателінің шақыруымен контролаға кеткен әкесіне жүгірді.

* * *

Жанаттың сабаққа әзірленуі де көңілсіз өтті. Оның шамалауынша Ақжал жоңышқаны шамадан тыс көп жегендіктен ауырып қалған сыяқты. Әкесінің де, дәрігердің де айтуы міне соны байкатады.

Бір күн ішінде асыл Ақжал солып сала берді. Құлағын қайшылауды, Жанатты қуанышын білдіріп қарсы алуды қойды. Тек қана құйрығы мен сауырын сабалай беруді білді.

Жанат сабақтан келе сала, Ақжалды тұрғызуға әрекеттеніп көріп еді, мыңк етпеді. Жанат жақындап жалынан сыйпағанда, жануар болар-болмас дыбыс шығарып, құлақтарын қайшылады, тілін шығарып Жанаттың көңілі бір түрлі бұзылып кетті. Бәрі, жоңышқаны көп бергендіктен басталғаны тағы белгілі. Әй, бұл білместікті ме...

Жанат артына бұрылып қараса, әкесі тұр екен. Ол баласына мейірбанды жүзімен қарап:

— Ештеңе етпейді, Ақжалдың беті бері қарай бастады,— деді.

Бәрінен жақсы көретіні әкесінің осы бір мінезі. Қандай бір қиын жағдай кездессе де, қою кара мұртын шыйратып тұрып «ештене етпейді» деп тұрғаны. Сөйтеді де, асықпай-саспай өз ісін істей береді. Содан ба, Жанат: «Біздің көкемнің қолынан бәрі келеді» деп санайтын және ол бар жерде ешбір мал өлмейді деп ойлайтын.

Қазір де сондай сенімге бөленді. Солай да болды, ертеңіне Ақжалдың беті бері қарғаны білінді.

Жанат сабақ әзірленуден қолы босаса болды, Ақжалдың жанынан шықпайды. Қыйт етсе жылы су әкеп береді. Әкесі белгілеген норма бойынша жемдейді.

Жексембі күні еді. Таң құлан нектеніп келе жатқан кез, ұйқыдан ерте оянған Жанат төсегінен тұра сала, далаға шықты. Жылқы қораның есігінен басын сұққаны сол еді, күтпеген жерден Ақжал оқыранып, кісінеп қоя

берді. Қуанышы қойнына сыймаған Жанат жүгіріп келген бойы оның жібек жалды мойнынан құшақтады. Көзді ашып-жұмғанша үстіне қарғып мініп, таза ауаға алып шықты.

— Шүү, — дегенде Ақжал сыдырта жөнелді. — Көке, көке! Ақжалды қаранызшы! Жемінде жеді, екі шелек суды да бірден қотарды!

— Көріп тұрмын, балам, енді көп шаршатпай орнына байлап қой,— деп әкесі де күле қарап, Ақжалдың жалын сыйпады.


Бұл күні Жанат мектептегі достарына мына қуанышты хабарды жеткізгенше асықты. Олар да тілектес достар ғой. Ақжалдың ауырғанына олар да қыйналып жүрді емес пе...

Бәлкім, бұл қабырға газетіне қымбатты материал болар. Өйткені, Ақжал Жанаттың қамқорлығындағы асыл тұқымды айғыр ғой... Мейлі, Жанаттың қатесін де айтсын. Бірақ, бұл оған үлкен ой салды. Жанат ендігәрі ондай қателікке баспас.

Осындай ойлармен алысқан Жанат мектебіне жеткенше асықты...

Әбдірашит Сатыбалдиев

Қызыл орда облысы



Быйылғы сентябрь айында Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулы алды. Қазақстан колхоз-совхоздары да ауыл шаруашылығын механикаландыруда көп табысқа жетуде. Мысалға Алматы селолық ауданы Мичурин атындағы колхозды алайық. Бұл колхоздың товарлы-сүт фермасы түгелдей электрленген; мұнда сыйыр электр аппаратымен сауылады, су электр күшімен әкелінеді, жемшөп электрмен дайындалады. Сүт электрмен тартылып, май электрмен алынады.

Суретте: осы колхоздың үлгілі фермасы. Ферма жанында асыл тұқымды Алатау сыйырлары.



Суретті түсірген *П. Редько*

ҚЫЗЫҚТЫ САЯҚАТ

Толя Иванков мектеп табалдырығын быйыл бірінші рет аттап отыр. Енді бірнеше жылдан кейін ол географияны оқып бастайтын болады. Ал, бірақ бұл пәннен бірінші рет, өте бір қызықты сабақты ол осы өткен жазда алды. Бұл былай болған еді.

Үлкендер жолға әзірленді

Толяның аталас ағасы — Александр Петрович Кириченко автомеханик болып істейді. Оның өз меншігінде «Победа» машинасы бар. Саша ағай мен Толяның әкесі, етікші Игнат Павлович Иванков екеуі өте тату-тәтті болатын. Өткен қыста туыстар демалыста Алматыдан Смоленскіге «Победамен» саякат жасауға ұйғарып, ондағы туысқандарына бармақ болғанды.

Бұл сапарға олар күн ілгері дайындалды, картаға үйіліп, жүретін жолдарын зерттеді, моторға керекті түрлі запас бөлшектер сатып алды. Толяның анасы Анастасия Романовна мен ол кісінің сінлісі Мария Романовна да жол жабдығына кірісіп жол киімдерін, ыдыстарды реттеп қойды.

Ал Толя болса, бір түрлі көңілсіз жүрді. Оған сен әлі кішкентайсың, бармай-ақ қой деген сөздер айтылған. Бірақ әлдеқалай, көктемде Саша ағай Толяға сұқтана қарап тұрды да:

— Ой, мынау өзі жігіт боп қалған екен ғой. Жолға бірге ала шықсақ па екен?— деді.

Қош бол, Алматы

...Кең даланы қызықпен жарып «Победа» зырғып келеді. Мақ пен қызғалдаққа сыңсыған кең жазық қалып жатты. Артта күнгей Алатау көкшіл мұнар жамылып көзден ғайып болып барады.

Машина темір жол бойлап зырғып келеді. Міне, ол жүк тиеген поезды қуып жетті, енді бір кезде оны да артқа салды.

Айнала бір ғажайып. Толя күннің кешкіргенін де, алдан бір көк тау шыға келгенін де аңғармады.

—Төрт жүз километр жүрдік,— деді Саша ағай.— мына тұрған Жамбыл тауы. Осы таудың маңында қазақ ақыны Жамбыл туыпты. Біз сонда барып тоқтаймыз.

Толя Жамбылдың кейбір өлеңдерін естіген еді. Оған мамасы оқып берген. Қалғып отырып, ол «Бесік жырын» еске түсірді.

«Ұйықтасын деп бөбегін,
Домбыраның қос шегін
Жамбыл бабаң қағады...»



Бетпак даладағы оттар

Ертеңіне «Победа» солтүстікке бет бұрып, Бетпак даланың шөліне тартты.

— Бұл сапарымыздағы ең қыйын жол басталды,— деді Толяның әкесі.

Шынында да, солай еді. Жалғыз аяқ жолмен тіпті кейде жолсызбен мың жарым километр жер жүру қажет еді. Бұлақтан бұлаққа, құдықтан құдық қуып жүретін кез келді. Бұл да туристерді қобылжыта алған жоқ. Олар Москваға тете жолмен баруға бел буды.

Жанбыр құйып берді. Бұл шөлде сирек болатын оқыйға еді. Жол бұзыла бастады. Бірақ «Победа» кідірмей жүрді де отырды... Бір сәт машина тоқтап қалды.

Үлкендер машинаны көтеріп жіберіп, дөңгелектердің астына тақтай салды, жолды тазарта бастады. Толя да қарап қалмай, қолына күрек алды. Анастасия Романовна:

— Кабинаға кір, суық тиіп қалады,— деп ұрысты.

Жауын саябырлады. Бірақ машина жүріп келе жатқан соқпақ таусылып қалды. Қалай жүру керек?

Саша ағай сағат сыяқты, бетінде әйнегі бар, дөңгелек қалбыршаны қолына алды. Әйнектің астында дамылсыз безектеген стрелка ойнақшый жөнелді.

— Компас бойынша жүреміз,— деді ол.

Тағы да төбелер, адырлар, шындар кездесе бастады... Шөл бұлар ойлағандай, елсіз боп шықпады. Жайылған қойларға, жылқыларға, түйелерге тап болды. Шу ауданының колхозшылары малдарын жаз осында жібереді екен. Малшылар туристерді күшақ жайып қарсы алып, қонақ етті, жүрерде:

— Москваға сәлем!— деп шулап қалды.

Ымырт жабылып, түн түскен бір мезгіл еді. Толя даладан аспан әлемін жарқыратқан бір жарық нұр көрді.

— Жезказған, — деді әкесі.

Ол баласына совет горняктарының қаласы жөнінде әңгімелейді. Олардың бір кездегі құлазыған аймақтан мыс рудасын өндіріп, шөл даланын бейнесін өзгертіп жатқанын айтты. Күм даласында самсаған завод үйлері Толяға бір түрлі ғажайып көрініп, ұшы-қыйырсыз, жалғаса кетіп жатқан сыяқты.

Жүз өзен

Үлкендердің есебінше жолда машина кем дегенде жүз өзеннен өткенге ұқсайды. Толя әзірше санға жетік болмағандықтан, дұрыс па, жоқ па, оны айта алмайды. Бірақ көптеген өзендер есінде қалды.

...Жағасы камыс пен талға толы Торғай өзені ағып жатыр. Жолаушылар оның жағасына келіп демалды, от жағылды, Саша ағай мен Игнат Павлович суға сүзекі салды. Толя қолына таяқ алып, суды шалпылдатып, камыс ішінен балықты сүзекіге айдады. Алабұға, шортан дегендер сүзекіге толып кетті. Әйелдер балықтан жақсылап тұрып сорпа пісірді.

Тамақ ішіп отырып, Саша ағай осынау Торғай даласында болған қызыл командир Аманкелді Имановтың соғысын, аудан орталығы сол батырдың атымен аталғанын әңгімелейді.

«Победа» шалқый аққан Елек өзеніне жеткенде, ауыл адамдары таңырқасып жағаға шықты. Машина өте алады-ау деген олар-

дың ешқайсысының ойында болмады. Көпірге бару үшін көп жер бұрыла жүру қажет еді. Саша ағай неде болса, өтуге тәуекел етті. Ол судың тереңдігін өлшеп алды, моторды брезентпен мықтап орады, жолдастарын жол көрсетіп тұру үшін суда тізілтіп, бақылатып қойды.


Толя жағалауға жақын жерде тұрды. Су оның кеудесіне келді. Мотор даусы ышқына шықты да, машина суды жара ілгері жүріп берді, дөңгелек көрінбей кетті. Су машинаның шатырына шапшылды. Бірақ, «Победа» тоқтамай, тереңнен шығып кетті. Жағада тұрғандар Кириченконың батылдығына сүйсініп қол соқты.

...Әлемде өзен деген көп қой. Бірақ Волгадай тамаша өзен қайда! Оның жарқыраған айдынын Толя Куйбышев қаласының тұсында көрді. Пароходтардың гудогы айналаны жаңғыртады. Биік таулардан домалаған араштар шалқар өзенге келіп түсіп жатыр. Жағада алып эксковаторлардың мойындары көрінді.

— Міне, бұл алып құрылыс, — деді бала таңданып.

— Куйбышев СЭСі, — деді әкесі. — Осы арадан бөгет салынады. Жағаға электр станциясы орнатылады. Ол ондаған қалаға, жүздеген селоға ток беретін болады.

Осындай шалқар өзенді бөгеу дегенге Толя сенігісі де келмейді. Бірақ, ойланыпқырап қараса, сенімі арта түседі. Шөл далаға қала салған, тауларды орнынан көшіріп, көмір мен темір өндіріп отырған совет адамдары емес пе! Мұндай адамдардың қолынан келмейтін жұмыс болуға тиіс емес.



«Сенсің менің шын сүйгенім»

Куйбышев—Сызрань—Кузнецк—Пенза—Рязань. «Победа» тегіс тас жолға түсіп алып зырғыды. Таң сәріде бір дөңнің басына шыққанда, алыстан жарқырап Москваның жұлдыздары көрінді.

«Москва менің, туған елім. Сенсің менің шын сүйгенім...» — деп Толя өлеңдегіп жіберді.

Москваға кіре беріс жолда тұрған үш милиционерді көріп, Саша ағай тоқтай қалды да, Смоленскіге баратын жолды сұрады.

— Өздеріңіз қайдан келесіздер?



— Алматыдан келеміз, туриспіз.

— Мүмкін емес.

— Рас, міне документіміз.

— Олай болса, деді іштеріндегі ең бір жас милиционер, — Смоленскіге баратын тас жолға дейін сіздермен баруға рұқсат етіңіздер.

Жолшыбай ол бес мың километр жүріп келген жолаушылардың тұрған қаласы — Алматының жайын сұрады. Қоштасарда «Победаны» көзімен бір сүзіп шығып:

— Я, елімізде тамаша машиналар жасалды! — деді ол сүйсініп.

Орыстың даңқын шығарған Смоленск қаласында Толя сегіз күн болды. Бұл қала екі рет ірі күйзеліске ұшырады. Оны 1812 жылы Наполеон әскері, 1941 жылы гитлер қарақшылары қыйратты. Ал, қазір қала жыл сайын әдеміленіп, өркендеп отыр...

Толя қайтарда үлкендермен бірге Москвада екі күн болып, армансыз аралады. Ол Қызыл алаңда, Ленин мен Сталин мавзолейін жанында тұрып көрді, Кремльді оралып шықты, мет-

роға түсті. Ленин тауындағы университеттің зәулім сарайларына да барып, тамашалады.

— Осында оқыр ма еді шіркін, — деді ол қыялдап.

— Барлық кластарда үздік оқы, сонда бұл университетке түсетін боласың, — деді әкесі.

Толя үйге қайтты.

Қырық күнге созылған жорық бір күнгідей тез өтіп кетті. Толя үйіне, Алматыға қайтып оралды. Он мың километр жол жүрген тамаша машина — «Победа» ешбір ақаусыз келді. Бұл ұзақ жүрісте ол ешбір жөнлеу көрмеді.

Толя қазір бұл машинаның көп бөлшектерін біледі. Әлі-ақ, бір алты-жеті жыл өткенсін, «Победаны» өзі жүргізуді де үйренеді. Ол ғана ма, енді бір он жылда, ол өзі қызығып қайтқан тамаша университетке де түседі... Бұған ешбір күмән жоқ. Ол үшін сабақты осы күннен кілең беске оқу қажеттігін Толя ешқашан есінен шығармайды.

А. Розанов

Аманжол Шамкенов

Волга

Айдың аспан секізді
Жалтырап жатғын айнадай,
Самалың сүйің бетімді,
Қарсы алдың мені аймалай.

Көтере түстім еңсені,
Жылуың бойға таралсын.
Сүйемін, Волга, мен сені,
Менің де туган анамсың.

Таныдың сен де ұлынды,
Келер деп мені күттің сен.
Некрасов сүйген суыңды
Қанғанша шөлім жұттым мен.

Айғағы болдың көп істің,
Сен де өттің талай өткелдең...
Жанындай ұлы орыстың
Ағынды арнаң неткен кең!

Қуат ап жаңа заманнан,
Ойымен елдің бірге ақтың.

Тер тамған талай
жағаңнан
Іздерін көрдім бурлақтың.

Сені энге қосып шырқалдық,
Сырыңа небір қанықпын.
Жатырсың толқып бұрқанып,
Күшіндей ұлы халықтың.

Өзені барлық әлемнің
Тең келмес сендей сұлуға.
Жағаңда сенің күндіз-түн
Шаршаман қарап тұруға.

Айдынды алып тұлғанды
Көруге жаным сағынды.
Кел, ана, келші,
күшақтап,
Өбейін бұйра жалыңды!

Тартқанмын орыс ұлына,
Осы жыр саған сыйлансын.
Некрасов сүйген суыңа
Тағы да шөлім бір қансын.

Омар Шипин

Қарт ақын

Аспан әлемінде

Қостанайдың аспанынан
Алатауға шектік сапар,
Белес белдер, айдын көлдер
Қалып жатыр қатар-қатар.

Япырмау, біз қыранбыз ба,
Көкті кезген мұзды балақ,
Келіп қалдық Ақмолага,
Қараөткелге тұрмыз қарап.

Тағы қайта көтерілді
Шықты жарқын могор үні
Есті шаттық жүректерде,
Көтерілді көңіл күні.

Қарағанды қалды кейін,
Балқаштан да кеттік асып,
Алматыға ендік міне,
Алатаумен күшақтасып.

Мана шықтық Қостанайдан
Неткен жанбыз қайраты үстем.
Жүрміз қазір Алматыда,
Қандай ғажап көкпен түскен!



Сапарғали Бегалин

Әңгіме

Суреттерін салған В. Нестеров

Есеннің үйі айнала өскен зәулім ағаштарға бөленген. Бірінде алма, бірінде алмұрт түйін салған, тағы біреуінде моншақтай қызыл шиелер, уылжыған өріктер өсіп тұр.

Үйдің батыс жағындағы ашық алаңда бір топ араш топтап қойған жасыл гүл тәрізді, оның желмен сыбдырлаған жапырақтары бірін-бірі қанатымен қағып ойнағандай, жел лебі шыкса, күн жақ беті жарқылдап, көлсеңке жақ беті құлпы көк бояуына малынып тұрғандай болады. Өзін бөлеген осы сұлу жаратылыс құбылысы Есеннің ертелі-кеш көз алдында өтеді. Бірақ, Есен бұларды онша елемейді. Ол бақтың ішінде болсын, көшеге шықсын, күнде көретіні — жапырағы жайқалған, миуасы төгілген жеміс ағашы. Оған араш та, жапырақ та тапсық емес. Оның өте қызықтап күтетіні өзі өсіп өсірген сонау гүлден тіккен шатыр сыяқты дөңгелете орнатып өсірген шөк ағаш.

Есеннің беседкасындағы электр шамы жанған кезде оның асыранды кірпісі домаланып ағаштардың арасынан беседкаға кіреді. Ол қаранғы түнде жайнаған электр жарығына таңырқағандай кішкене тұмсығын шығарып қарап тұрады да, қайталап жыйырылып қалады. Есеннің «кірпім-кірпім» деген дыбысы шыққанда жазылып, тұмсығын шығарып, әр жерді түрткілеп, азығын іздейді. Есен азығын күні бұрын дайындап қойып, оның үнемі келудегі қозғалысын аңдйды.

Есеннің кірпісі қысқы жатқан інінен шыққанына аз-ақ уақыт болды. Алғашқы оянып көрінгенде самарқау, әр нәрсеге таңырқаған түрде қарады, кірпінің мұндай сырын бұрын көп аңғармаған Есен оны ауырып қалған ба деп те ойлады. Бірақ, мезгілімен тамағын ішіп, Есеннің беседкасында еркіндеп, ойын салып, шыйрап бұрынғы ойыншы қалпына келді. Есен оған алғашқы кезде ұсақтаған кішкене қант түйірлерін беріп әбден дәнiктiрдi. Ол бiр аздан кейiн қант бермесе, тамағын алмай домаланып жатып алады. Ол кезде Есен қасына барса, тікенегін үрпитіп ашу көрсетеді. Ал, қант берсе, оны аяғымен домалатып, аузымен тістеп алып қашып, әр жерге тығып, неше түрлі әрекет істейді.

Есен мен Каби екеуі оқып отырған. Кро-

ваттың астынан домаланып шыққан кірпі кішкене тұмсығын көтеріп жан-жағына қарап аз тұрды. Есендер оған көңіл бөлген жоқ. Кірпісінің қант дәмекенін елемеді. Кірпі жорғалап кроватьтың аяқ жағында жатқан ботинканың жанына келді, тұмсығымен носкиді іліп алып, кроватьтың астына қарай сүйретті: Есен мұны аңғарып қап үнсіз байқап тұрды. Кірпі кроватьтың астына апарып носкиді жымқыра оранып домалана қалды.

Бұл Есеннің көрмеген де, кірпіден күтпеген де ісі еді. Ол, мынау кірпі носкиімді ойнап қыйғалы жүр ме, бұлдіріп тастар деп еңкейіп носкиін алмақ болды. Носкидің ішіне кіре оранып алған кірпі түспей қойды. Аздап ысылдағандай ызалы үн де шығарды. Есен сынау үшін ұсатқан, қант алып бір-білеп тастай бастады. Кірпі бірден тұмсығын шығарып, носкиді тастап, қантты алып ойнап кетті, кроватьтың бас жағында тұрған мондалинасын алып орындыққа отырып ән тартты.

Есеннің мондалинасынан шыққан ән дыбыстары түнгі тынық кезде өте ашық әдемі еді. Аздан соң кірпі домаланып кровать астынан шықты, носкиді тастап, дыбысты аңғарып тұра Есеннің алдына келді. Сөйтті де ән дыбысын анықтай тыңдағысы келгендей тұмсығын көтеріп әрлі-берлі жорғалады. Кітап оқып отырған Каби басын көтергенде Есен күліп:

— Менің тыңдаушым — кірпім. Қарашы, ән ырғағының нақысын сезеді,— деді.

Баранадан бергі жайдан бейхабар Каби:

— Қой, қайдағы сезген,— деп Есен сөзін әзіл көрді. Бірақ, оған Есен бәрін түсіндіріп айтты...

* * *

Бір нәрсе ысқырғандай, әлде бір нәрселер ысылдағандай, бір жат дыбыс Кабидың құлағына сезілгендей болды. Каби төсектен басын көтерді. Көтерілген күн шұғыласы беседка ағашының қою жапырақтарын түйрей өтіп, бұлардың төсегіне шұбарыта себіліп тұрғандай, айнала іргеден майда ғана есілген қоныр самал да сондай рахат еді. Бірақ оны Каби елеген жоқ. Тек оның көзі Есен кроватиның есік жақ аяғында ұстасып жатқан кірпі мен жыланға түсті.

Жыланның аузы ашылып, сумандай жан-жағына көтеріліп аласұрған басын көргенде

Қабидың өне бойы мұздап кетті. Ол орнынан атып тұрып ұйқыда жатқан Есенді оятты. Ол ұйқылы көзімен еш нәрсені аңғарған жоқ. Тек, «жылап, тұр, қызық» деген Қабидың сөзінен шошынып төсегінен ұшып тұрды.

— Ананы қара!

— Нені?

— Көрсенші, кірпінің өнерін,— деп Каби Есенге кроватьтың аяғынан салбырап төмен түскен жыланды көрестті.

Жылап жыйырыла түсіп, кірпіні шақпақ болып айыр тілін сумаңдатады, тіпті бір-екі рет басын кірпінің денесіне апарып қалып, қайта жұлып алды. Кірпі жыланның құйрығынан тістеп алған бетімен, кінкене көзі жайнап өшіге ысылдап, тікенек түгін барынша үрпитіп алып бүлкілдете кеміріп жатыр.

Мына қызықты көрсін деп Есен үйіне жүгіріп, әжесін шақыруға барды. Әжесі жұмысқа кетіп қалыпты, тек, кемпір әжесі ғана келіп қарады. Бұл кезде жылап басын көтеріп, аузын ашып алғашқы шақпақ болған қайратынан айрылып, сылқ түсіп, әлсіреген еді...

— Мен саған алдақашан айттым, бұл жерде жылап бар, беседкаға, далаға жатпа деп, бір болмайсың. — Әже енді кірпіге сүйсіне: — Сен осы кірпіні асырағанда сондай ұнатпап едім, бірақ, менің оным хате екен, жыланның анық ажалы осы екен ғой,— деп өзі білмеген



құпияны немересі тапқанына қуана да сөйледі.

Есен кірпіні асырағанда оның жыланды жейтін қасиетін біліп сол үшін асырады ма, жоқ әлде әр нәрсені білуге, жаратылыс, жәндік сырларына әуес жас кірпі сыяқты қолға үйренер жәндікке қызықты ма, оны кім білсін. Бірақ, Есеннің ол талабы өте оң және қызықты болып шықты.

Цой

Жасы он алтыда,
Аласа біткен бой.
Мекені оның — Сеул,
Есімі — Цой.
Бір көргенде оны
Түседі де саған ой,
Дейсін: әлі жап-жас,
Балдырған бала ғой.
...Түнерген түндерде
Келе жатады Цой.
Қолтығында плакат:
«Жендет-янкиді жой!»
Граната жарылса,
Жалт қарайды қыр, ой.
Жорықта жүрген бұл
Жалын жанды Цой.
Жыйналады жастар,
(Жас партизандар ғой).
Тапсырмалар әкеп,
Тұрады сөйлеп Цой.
Күрес жолы ауыр,
Ауырды жеңу — аброй.
Ажалдан сескеніп,
Селт етпейді Цой.
Қорса! — десе бойын
Кернейді күш, өседі ой...
Көз алдында — Краснодар,
Көкірегінде — Кошевой.

Өтті-кетті ол күндер...
Цой ертеңге беттеді:
Оны бүгін хош алды,
Механиктер мектебі.

Сағынғали Сейтов.

Біздің дауыс

Әнші ортада. Халық сол шақ
Білектесіп алды қоршап.
Полиция аласұрсын,
Қара күштің сағы сынсын.
Полиция өте алмайды,
Әншіге енді жете алмайды!
«Широка страна моя»...
Кетті шырқап, қанат жая.
Миллион халық әнге ұйыды.
Жүрегіне нұр құйылды.
Әнге ұласты ән туындап,
Ерлік іске ерді шындап.
Барлық ән тынысындай
Жүрекке ыстық туысындай
«Бейбітшілік» деген ұран.
Толқыды эфир, толқыды ән.
Әнге ұласты ән туындап,
Шаршаған жоқ әнші бірақ.
Секілді ұзақ өмір жолы
Көрінбейді әннің соңы.
Көне солдат көпті көрген
Айтты:

— Рахмет саған елден!
Дауысыңды сақта, әншім.
Біздің дауыс—сенің дауысың!

М. Әлімбаев

Ол болашақты көрді...

(Орыс халқының ұлы оқымыстысы В. В. Докучаевтың қайтыс болғанына 50 жыл толуына)

Ғасырлар бойы жер жүзін аралап жүретін Жиһанкез туралы ертекті білмейтіндер тіпті аз. Егер сен бұл ертекті білмейтін болсаң, төмендегіні оқы:

Жиһанкез әдеті бойынша жер шарын аралап жүргенде бір ескі қаланың көшесінде кетін бара жатқан адамды тоқтатып: «осы қаланың салынғанына көп болды ма?» — деп сұрайды. Ол кісі—«бұл қаланың қай кезде салынғаны біздің есімізде жоқ»,— дейді.

Осы уақыттан 500 жыл өткен соң Жиһанкез қала тұрған жерге қайта оралып келсе, ол жерде мидай даланы және пішен шауыл жүрген бір шаруаны кездестіреді.

— Осы жердегі қаланың қыйрағанына көп уақыт болды ма? — деп сұрағанда, шаруа Жиһанкезге былай дейді:

— Міне, қызық! Бұл жерде еш уақытта қала болып көрген емес. Қала болса ата-бабаларымыз бізге бірдеме айтқан болар еді,— депті.

Енді 500 жүз жыл өткеннен кейін Жиһанкез қайтып оралғанда, байғы жерде үлкен теңіздің жағасын көрді.

Сол жердегі кісілерден: «бұл теңіздің пайда болғанына көп болды ма?» — деп сұрағанда,— теңіз бұл жерде атам-заманнан бар! — деген жауап алыпты. Жиһанкез туралы ертеке осымен бітеді. Егер ойланып қарасаң, бұл ертеке өте үлкен ой-сыр жатқанын сезесің.

Міне, осы ертекепен орыс халқының ұлы оқымыстыларының бірі Василий Васильевич Докучаев «Біздің даламыз бұрынғы кезде және осы күні» деген кітабын бастайды. Не себепті жер үстінде әр кезде осындай өзгерістер болып тұрады, не себепті кешегі құнарлы жер түк шықпайтын шөлейтке айналады? Осының сырын ашуға В. В. Докучаев өзінің бүкіл өмірін арнайды.

Оқымыстының аталған кітабы Россияның 1891 жылы егін шықпай аштыққа ұшыраған кедей шаруаларына арнап жазылған. В. В. До-

кучаев,— бұл еңбегінде шөл жерлерді гүлдендіру, құрғақшылықпен күресу жолдарын ғылыми дәлелдеп, жерлерді құнарландыруды, сонымен халықтарды керекті азық-түлікпен қамтамасыз егуді көздейді.

Кітаптың бір жерінде: егерде ертекегі айтылған. Жиһанкез шынымен өмір сүрген болса,—деді В. В. Докучаев,— жер үстінде болып жатқан түрлі өзгерістердің куәсі болған болар еді. Ол бір кезде біздің жердің жартысынан көбісін мұз жауып жатқанын, онан кейін ұлы-кішілі өзендер пайда болғанын көрсер еді. В. В. Докучаевтың ғылымы бойынша жер қыртысы минерал, тау тағы басқалар сыяқты өз алдына бір дене. Ол да «өледі» және «тіріледі», былайша айтқанда, өсімдік егуге жарамай да қалады, оны адам өсімдік егуге жарата да алады.

Ұлы оқымысты мұны тауып қоймай, жер қыртысының эмірін ұзартып, ал, іске жа-

рамай қалғандарын тыңайту жолдарын ғылыми баяндап көрсетіп берді. Бірақ В. В. Докучаев өзінің ғылыми табысын патша өкіметі тұсында іске асыра алмай кетті. Октябрь революциясынан кейін ұлы отанымыздың әр бұрышында жүздеген ауылшаруашылық тәжірибе станциялары, институттар құрылды.

Міне, осының арқасында біздің елде жылдан-жылға жерді гүлдендіру ісінде көрнекті жұмыстар жүргізіліп отыр. Соңғы кезде кең байтақ Отанымызда мыңдаған гектар орман алқаптары жасалды, он мыңдаған су қоймалары салынды. Совет оқымыстылары ұлы ғалымның еңбектерін кенейте отырып, халқымыздың мүддесіне пайдаланып отыр.

В. В. Докучаев жер қыртысын зерттеу туралы ғылымның негізін салды. Мұнымен қатар, ол география, геохимия, геоботаника, геология, агрономия ғылымдарының дамуына зор әсер етті.



С. Асқаров

Жұлдыздардың пайда болуы

Жаздың жайлы түнінде ақырын жүзген айға, бырдай шашылған жұлдыздарға кім құмарта қарамайды. Осылай қарап отырғаныңда: «Бұл жұлдыздар мен ай қайдан, қашан пайда болды екен?» деген ой келеді.

Бұл сұраққа адамдар ерте заманда-ақ жауап іздегірген. Дегенмен әр елдің астрономдары зерттесе де, бұл мәселені соңғы жылдарға шейін шеше алмай келді.

Шетел ғалымдары бұл мәселеге келгенде, баяғы заманда жұлдыз атаулы біздің ойымыз жетпес, сыйқырлы күшпен бір кезде пайда бола қалған яғни құдай жаратқан деп дәлелдемек болады.

Бұл теорияның негізсіз екендігін совет астрономдары ғылыми жолмен дәлелдеп шықты. Бір кезде пайда болса, жұлдыздардың «жасы» да бірдей болуы керек емес пе? Ал, шын мәнісінде олардың «жасы» әртүрлі. Миллиардтаған жылдан бері жасап келе жатқан «кәрі» жұлдыздар да, біздің жерден әлде қайда кейін пайда болған «жас» жұлдыздар да бары анықталып отыр. Еңлеше жұлдыздар жүйесінде яғни Галактикада жұлдыздардың пайда болуы үздіксіз іс екендігі сөзсіз.

1949 жылы совет ғалымы В. А. Амбарцумян жұлдыздарды зерттеу ісіне үлкен жамадық қосты. Ол сөнбеген жарық жұлдыздардың жеке-жеке дараланбай, шоғыр-шоғыр болып орналасқанын анықтады. Бұл шоғырлар астрономияда жұлдыздар ассоциациясы деп аталады. Шоғыр-шоғыр бұл жұлдыздар тіпті кейінірек, не бары бұдан он миллион жылдар шамасында пайда болған. Олар әуеліне бір-біріне өте таяу болған, біртіндеп келе кеністікте біртіндеп алшақтай бастаған. Бұл көрсетілген мезгілден пайда болған болса, бұл шоғырлар баяғыда-ақ галактикалық орталықтың төңірегінде жеке-жеке жұлдыздарға бөлініп үлгірер еді.

Жұлдыздардың пайда болуын зерттеуде В. Амбарцумянмен қатар, академик В. Фесенков және ғылыми қызметкер Д. Рожсковский көп жаңалық ашты. Олар газ-тозаңды тұманды зерттеу арқылы

жұлдыздардың пайда болуын ісін анықтауға жол ашты. Газ-тозаңды тұман дегеніміз — жұлдыз аралық өңірлерді қаптап жататын газ бен тозаң бұлты. Газ тұманының дені сутегінен тұрады. Оның құрамында аздаған гелий мен бірнеше газ қосындысы бар. Газ тұманы бойында ұнтақ тозаң көп. Бұл тұмандардан көбінесе әлсіз қызыл, дұрысырақ айтқанда кара күрең сәуле тарайды. Жай телескоппен қарағанда осы тұмандардың біразы ғана көрінеді. Қалғандарын көру үшін аса қуатты телескоп керек. Мұндай телескопты совет ғалымы Д. Максұтов ойлап шығарды.

Д. Максұтов системалы жаңа телескоп Алматы қаласы маңында, теңіз бетінен 1400 метр биіктікте астрофизикалық обсерваторияда орнатылған. Бұл телескоп өте көмескі көрінетін жұлдыздардың өзін де суретке өте айқын етіп түсіруге мүмкіндік бепелі. Максұтов системалы телескоптың жарық қуаттылығын шамалау үшін жанын тұрған май шамды 5000 километрден астам жерден суретке түсіруге болатынын айтудың өзі жеткілікті.

Осы обсерваторияда газ тұманын суретке түсіру ісі үздіксіз жүргізіліп жатады. Бұл суреттердің ғылым үшін маңызы өте зор. Соларға қарап, ғалымдар газ тұманының құрамын, олардың кеністікте қалай қозғалатынын анықтайды.

Алматыдағы обсерваторияда академик В. Фесенковтың басшылығымен түрлі-түрлі газ-тозаң тұманы көп суретке түсіріллі. Сол суреттердің ішінен шоғыр ақ бұлтқа ұқсасы па, жұлдыздар мен газдың қосындысынан пайда болған шеңбер тәріздесі де, ақырында түтелеңген талшық тәріздесі де байқалды.

Газ тұмандары өрасын зор кеністікті алып жатады. Олардың кейбіреулерінің үлкендігі сондай, жарық сәулесі тұманның бір шетінен екінші шетіне жете алмай, бір ғасыр бойы жүрер еді. Ал, жарық сәулесі секундына үш жүз мың километрлік жылдамдықпен тарайтыны сендерге белгілі ғой. Енді өзің ойлап көр.

Суреттерді зерттей отырып, Фесенков бастаған ғалымдар жұлдыздың пайда болуының алғашқы белгілерін анықтады.

Дамып келе газ тұмандарының біразы төңірегіндегі кеңістікке таран кетеді де, біразы тығыз, өте жарық газ талшығы болып жыйналады. Өйткені газ заттары зеңбірек снарядының жылдамдығынан астам жылдамдықпен ретсіз, тез қозғалады. Осы қозғалу кезінде пайда болған талшықтар жеке-жеке қоюлықтарға бөлінеді. Бұл түсірілген суреттерден анық көрінеді. Осы қоюлықтар тізбегі жіпке тізілген моншаққа, моншақтар жұлдыздардың ұрығына ұқсайды. Бара-бара әлгі тізбек үзіледі, оның орнында жарқырап жанған жұлдыздар тізбегі қалады. Жүргізілген байқауларға қарағанда, тұман талшықтарының көлемі, оның массасы мен химиялық құрамы жұлдыздың пайда болуына толық мүмкіндік береді. Бұл талшықтар газ тұмандарында өте жиі кездеседі. Талшық бар болса, олардың жұлдызға айналуы да тоқтаусыз іс қой. Еңлеше жұлдыздардың пайда болуы ұдайы болып тұратын құбылыс.

Совет ғалымдары сәуегейлік дегенді білмейді. Совет ғалымдары құбылысты өзара байланыстырып үздіксіз даму тұрғысынан қарайды, басқаша айтсақ: диалектикалық материализмнің үйретуіне сай, жаратылысқа оның даму тұрғысынан қарайды.

— Академик В. Фесенков пен оның серіктері жүргізген жұмыстардың нәтижелерін халықаралық Астрономия одағының 1952 жылдың сентябрь айында Рим қаласында өткізілген VIII-съезінің ғылыми мәжілісіне қатынасқандар зор ынта қойып тыңдады.

Шетелдердесі прогресшіл ғалымдар совет астрономдарының жетістіктерін ынтамен қадағалап отырады. Совет ғалымдарының жұлдыздың қалыптасуы мен пайда болуы саласындағы үздік зерттеулерін біздің еліміз орынды мақтаныш етеді.

М. Г. Каримов

Физика-математика ғылымдарының кандидаты.

ЖАҢА КІТАПТАР

Үстiмiздегi жылы Қазақтың Мемлекеттiк көркем әдебиет баспасы жас жазушы С. Сарғасқиевтың «Достар» атты әңгiмелер жыйнағын басып шығарды. Ол жыйнақта II әңгiме бар. Әңгiмелерде оқушы-пионерлердiң оқуы, емтиханға дайындықтары, отрядтағы жыйындар, тәжрибе жұмыстары және олардың достық пен жолдастық қатынастары баяндалады. Сонымен бiрге мектеп спортшыларының дружинада өткiзген шаңғышылар жарысы да әңгiмеленедi.

Жыйнақ «Достық туралы әңгiмемен» басталады. Бұл әңгiменiң басты кейiпкерлерi Мүзкен мен Нүткен. Ол екеуi бiр класта оқиды. Сабәкқа бiрге дайындалады. Бiрге ойнап, бiрге жүредi. Тағу-тәттi шын достар. Алайда, екi дос бiр күнi ревжисiп қалады. Ол келiспеушiлiктiң мәнi Мүзкеннiң Нүткенге сынақ жұмысы үстiнде көмектеспеуi едi. Алайда Мүзкен досы Нүткеннiң есептi шығара алмағандығына қатты қыжылады. Iштей қапаланып, ревжидi.

Мүзкеннiң сынақ кезiнде өзiнiң шығарған есебiн жолдасына көшiрiп бермеуi, шындығында, дұрыс, нағыз достық қасиет. Нүткен оны соңынан түсiнедi. Сөйтiп, қатесiн отряд жыйынында мойындайды.

«Достық» деген әңгiмеде Гайша, Дәуiт, Қаландар оқу озағтары тобына қосылады. Олардың мұндай табысқа жетулерiне коллектив яғни жолдастары көмектеседi. Бұл әңгiме де оқуға қызықты, тартымды.

Жыйнақта «Жыйыннан соң», «Емтихан алдында», «Тәжрибе», «Спорт дәстүрi», «Бiр оқыйға», «Үлес», «Хат» деген әңгiмелер де бар. Оларда да оқушылар өмiрiнiң алуан түрлi мәселесi бейнеленедi.

* * *


Капиталистiк елдерде балалардың өмiрi тiптi ауыр, олардың бiлiм алуына ешбiр мүмкiншiлiктер жасалмайды. Ондағы балалар қаршадайынан қабырғалары қайысып, завод пен фабрикаларда жұмыс iстейдi. Көбi аш-жалаңаш көшеде қаңғырып, бiр үзiм нанға зар болады. В. Лукьянов пен В. Латовтың нақты фактыларға сүйенiп жазған «Балалық шақтан айрылғандар» деген кiтабы — осы бақытсыз балалық шақты баяндайды.



Кiтапта Америка Құрама Штаттары, Туркия, Италия, Франция және басқа да капиталисттер билеген елдердегi балалардың ауыр жұмыстан көз ашпайтындығы, үйсiз-күйсiздiгi жазылған, суреттер берiлген. Мәселен, АҚШ-та толық емес мәлiметтер бойынша, 1300 мың американдық бала әртүрлi аурулармен ауыратынын, бiр миллионға жуық баланың құлағының мүкiсi барын, 4 миллиондай баланың көзi жақсы көрмейтiнiн осы кiтаптан оқып бiлемiз.

Жоқшылық, аштық, жұмыссыздық, жаппай ауруға шалдығу — қазiргi америкадағы өмiр шындығы. Бүкiл дүние жүзiнде бейбiтшiлiкке қауiп турғыып отырған бұл елдегi балалардың көрген күнiн баяндайтын бұл кiтапты қазақ мемлекеттiк баспасы шығарған.

* * *



Быйыл балалар жазушысы С. Бегалиннiң «Цимлян теңiзi» атты суреттi кiтапшасы басылып шықты. Сурет-кiтапша бөбектерге арналып жазылған. Кiтапшада бiр топ баланың ойыны суреттеледi. Ал осы ойынның өте бiр қызықты жағы бар. Олар «Бөгет» жасайды, СЭС салады, бiреулерi «пароход» жүргiзедi, ендi бiреулерi «электр сымын» тартып жатады. Осындай ұйымшыл жұмыс арқасында олар «Жаңа теңiз» орнатып, өз еңбектерiнiң қуанышты жемiсiн көредi. Әрине, мұның бәрi ойыншық арқылы бейнеленген. Бiрақ, ержетiп, мектептен бiлiм алып шыққаннан кейiн олардың ертең нағыз құрылысшы болатынына кiм күмән келтiре алады. Бұл ертеңгi күннiң шындығы ғой.

Кiтапшаның қызықтылығы да, тәрбиелiк мәнi де мiне, осында жатыр.


* * *



Быйыл қазақтың көркем әдебиет баспасы орыс тiлiнен аударылған, балаларға арналған бiрсыпыра кiтаптар басып шығарды. Сол кiтаптардың бiрi — «Изге түсу».

Балалар жазушысы Виталий Бианки жасөспiрiмдерге арнап жазған «Изге түсу» деген кiтабында құстар мен аңдардың көптеген түрлерiн, олардың өзiндiк қасиеттерiн әңгiмелейдi. Жыйнақтағы әрi қысқа, әрi жеңiл жазылған «Қуыстағы құрлар», «Қара түлкi», «Асыранды балапан» деген сыяқты әңгiмелердi оқып шыққанда, әрбiр аңның өзiндiк ерекшелiгi бар екендiгiн бiрден байқайсың.

* * *



Жазушы А. Хангельдиннiң «Өседi Ақпан» деген суреттi кiтапшасында Ақпан деген бөбектiң сәбилiк өмiрi баяндалған.

Ақпан — елiмiздегi миллиондаған бөбектiң бiрi. Ол бақытты ана кұшағында өседi, балалар бақшасында тәрбиеленедi. Онда өзi сыяқты жас бөбектермен достасалы, бiрге ойнап, бiрге жүредi. Кешегiкiең бүгiнi, бүгiнiнен ертеңi қызықты бiздiң советтiк өмiр Ақпан бөбектi iлгерi жетелейдi де отырады.

Бақытты Ақпан ақырында мектеп табалдырығын аттайды.

Кiтапшаның суреттерi де жарасымды, көз тартып тұрады.

Балалар, сендер бұл кiтапшаларды өздерiнiң iшiлерiне, қарындастарыңа оқып берiңдер, суретiн көрсетiңдер.

С. Төребеков.

Картоптың түйнегін өсірмей ұзақ уақыт қалай сақтауға болады?


Мәдени өсімдіктер ішінде картоп үлкен орын алады. Қолхоздар, совхоздар және әрбір еңбекшілер өз огородтарында картоп өсіруге көп көңіл бөледі. XIX партия съезі мен СОКП Орталық Комитетінің пленумы картоп өнімін бұрынғыдан молайту жөнінде жаңа міндеттер қойды. Бұған себеп картоп шаруашылыққа өте пайдалы егіс ол мол өнім береді, жұмсаған еңбекті ақтайды. Алдыңғы қатарлы колхоздар, агротехника әдісін ойдағыдай қолдану арқылы картоптан мол өнім (әр гектар жерден 100—400 центнерге дейін) алып келеді. Біздің Совет Одағы картоп өсіру және өндіру жөнінде бүкіл жер жүзінде бірінші орын алады. Бүкіл дүниеде өндірілетін картоптың үштен бірі біздің елде өндіріледі.

Картоп шаруашылықтың көптеген саласына кең түрде қолданылады. Ең алдымен картоп құнды тамақтық заттың бірі болып саналады. Ол — таптырмайтын мал азығы. Картоп түйнегінің құрамында адамға керекті белок, крахмал, қант, витамин, тағы басқа сол сыяқты аса қажетті тағамдық заттар болады. Әсіресе, картопта крахмал мол, оның құрғақ құрамының 80 проценті дерлік сол крахмалдан құралған. Мәселен, бағалы продукт бидаймен салыстырып өтелік. Бидай ұны составында крахмал мөлшері 70—75 процент болады. Ал, адамның күнделікті тамағында крахмал затының маңызы зор екені белгілі. Тамақтық заттардың крахмалы адамның денесіне барғаннан кейін сілекей және асқазан орындарының (ферменттердің) әсерімен қантқа айналады. Қант суға тез ериді, сол күйінде қанға тарап, бүкіл денеге сіңеді. Крахмалдан пайда болған қанттардың қатынасуымен денеде белок, май,

тағы басқа керекті заттар құралады. Осы зат алмасу процесінің нәтижесінде жаңа клеткалар пайда болады.

Осымен қатар картоп крахмалы түрлі өндірістерде кең түрде қолданылады. Мысалы, конфеттер, халва, джем, тәтті нан жасалғанда әр уақытта крахмал қосылып отырады. Әсіресе, крахмал спирт заттарында көп қолданылады, өйткені спирттің өзі сол крахмалдан жасалады. Спирт халық шаруашылығына аса қажетті продукт, ол каучик (резина), тағы басқа жаңа техникаға керекті заттар өндіруге жұмсалады.

Картоп егісінен мол өнім алумен қатар, сол байлықты бұзбай, сапасын жоймай, ұзақ уақыт сақтай білу керек. Жыл сайын біздің елде жүз мыңдаған тонна картоп түйнегі жыйналады, оның бәрін бірден іске асыру мүмкін емес. Сондықтан картопты погребтерде, арнаулы складтарда, жерден қазған орға, шұңқырларға көміп сақтап келді. Бұл жағдайларда картоп түгелдей сақтала бермейді, көктемде күннің жылуына байла-



нысты өсіп, сапасын кемітеді. Әсіресе, картоптың ең бағалы заты — крахмал жоғала бастайды. Осының

нәтижесінде халық шаруашылығына көп залал келеді.

Өткен жылы жас ғалым, профессор Ракитин картоп түйнегін өсірмей, ұзақ уақыт сақтау әдісін тапты. Ол жүзден астам химиялық препараттарды, әсіресе олардың картоптың өсуіне бөгет жасайтын қасиеттерін зерттеді. Сол зерттелген көп препараттар арасынан картоптың өсуін тоқтатағын химиялық қосынды табылды. Оны ғылыми тілде — альфа-нафтилуксус қышқылының метилдық эфирі, — деп атайды. Осы препаратты қолдану арқылы картопты ұзақ уақыт, сапасын жоғалтпай сақтауға болатыны анықталды. Мұндай картоп тамақтық және тұқымдық қасиетін жоғалтпайды.

Бұл жаңа әдісті қолдану тәртібі өте оңай, ешқандай ерекше жағдайды керек қылмайды. Бір тонна картопқа не бәрі 100 грамм препарат жұмсалады. Қолдану тәртібі — препаратты ұсақ құмға араластырып, сол ұнтақты сақтайтын картоп арасына себеді.

Бұл жаңа әдіс әрбір колхоздарда, әсіресе, біздің Қазақстанның оңтүстік облыстарында кең қолданылуға тиісті. Бұл әдіс — колхоздардың көптеген тонна картобын бұзбай сақтауға жәрдем етеді.

Пионерлер, ғылым жаңалықтарын ел арасына таратып, колхоз шаруашылығын көтеруге көмекші болыңдар.

Бұл әдісті қалай қолдану туралы арнаулы нұсқаулар бар, оларды Қазақ ССР ғылым Академиясының Ботаника институтынан сұрап алуға болады.

Т. Дарқанбаев,

Биология ғылымдарының докторы.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Технический редактор И. Соскинд.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 21/X—1953 г. Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 16 000. УГ09320. Полиграфкомбинат Главполиграфиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1084

Каз. Гос. ун-в. библиотека

Вертолет

Өткен жылы Москвадағы «Динамо» стадионы үстіне бір ғажап самолет ұшып келді де, бір нүктеде ауада қалықтап тұрып қалды. Әлден соң әлгі самолеттің есігі ашылып, жіп басқышпен қолдарына гүл ұстаған бір топ футболшылар жерге түсті. Іле самолет өз жөніне ұшып жүре берді.



Осыдан екі жүз жылдай бұрын ұлы орыс ғалымы М. В. Ломоносов атмосфераның жоғарғы қабатына метеорологиялық аспаптарды жеткізу үшін ойлап шығарған ерекше машинасын жұрт алдында ұшырып көрсетті. Бұл дүние жүзіндегі ең тұңғыш геликоптер немесе вертолет болатын. Адамдар мен жүкті көтеріп ұшатын вертолет жасауға орыс авиациясының атасы Н. Я. Жуковский винт теориясын тудырғаннан кейін ғана яғнай жыйымасыншы ғасырда ғана мүмкіндік болды. Осы теорияны негізге алып, 1912 жылы Жуковскийдің шәкірттерінің бірі Б. Юрьев бір винтті вертолет конструкциясын жасады.

Вертолет — қызық машина. Ол кәдімгі самолеттер сыяқты тік, жерді бауырлап көлденең бағытта да ұшады, ауаға тіке көтеріле алады, бір нүктеде тоқтап, ауада «ілініп» қалғандай тұра алады, аядай жерге де қона алады.

Вертолет геологиялық зерттеу жұмыстарында қолданылады. Вертолетпен күз жартасты таулы жерлердегі ауру адамдарды алып шығуға болады. Вертолет теңізге бақылау жасауға да қолайлы. Вертолет қолданылатын шаруашылық салалары барған сайын кеңі түсуде.

Е. Дайрабаев

Алматы аэроклубының курсанты.

Балық „сөйлей ме?“

Көп уақытқа дейін балықта үн жоқ деген ұғым тарап келді. Бірақ осы таяуда ғана бұл ұғымның теріс екендігі мәлім болды: оқымыстылар балықта үн бар екенін анықтады.

Қазір қызық бір құрал ойлап шығарылды. Бұл құрал судағы дыбысты плёнкаға жазып алады. Осы құралдың көмегімен әртүрлі балықтардың өзіндік әртүрлі үні-бар екені анықталды.

Балықтың «даусын» есту үшін мынадай шара қолданылады: балықты бөлек айдырға айдайды да, содан кейін олардың үнін плёнкаға жазады. Бұл тәжірибе әртүрлі балықтың түрліше үн шығаратындығын көрсетті. Бір балықтардың даусы шырылдауық шегірткенің шырылына ұқсайды. Енді біреулерінен көлбалқаның бақылы мен ысқырық жалғасып шыққандай үн шығады. Үшінші біреулерінен болмашы ызың, ыңыл сыяқты бір дыбыстар естіледі.

Бұл ашылған жаңалықтың зор маңызы бар. Судағы дыбысты айыру арқылы қай жерде қандай балықтар шоғырланғанын біліп алуға, сөйтіп барып аулауға болады.



Анаграмма


Мен сені тумай жатып әлдиледім,
Кері оқысаң, өзгермес атым менің.

Оңға қарай—нотаның біреуімін
Солға қарай — боламын батыр ұлы.

Оңға қарай оқысаң,
Ток жүреді бойымнан.
Солға қарай оқысаң,
Табылам жер қойынан.

Оңға қарай оқысаң,
Арба жексең керекпің.
Солға қарай оқысаң,
Басыңа ки демекпің.

Географиялық кроссворд



Тігінен оқығанда:

1. Европадағы тау.
2. Волга бойындағы қала.
3. Азиядағы тау.
4. ССРО-ның солтүстігіндегі теңіз.
7. Дүние жүзіндегі терең көл.
9. Швейцариядағы көл.
13. Халықтық демократия республикасы.
14. Өзбекстандағы қала.
15. Сибирьдегі қала.
16. Одақтық республиканың астанасы.
18. Қара теңізге құятын өзен.
19. Батыс Қазақстандағы құм.
22. Европадағы демократиялық республиканың астанасы.
24. Оңтүстік Европадағы теңіз.
27. Европадағы түбек.
28. Ирандағы қала.
29. Советтік республиканың астанасы.
31. Азиядағы мемлекеттің астанасы.

Көлденеңінен оқығанда:

5. Жерорта теңізіндегі үлкен түбек.
6. Еуропаның батысындағы шығанақ.
8. ССРО-ның шығысындағы қала.
10. ССРО-дағы тау.
11. Сибирьдегі өзен.
2. Альпы тауының шыңы.
17. Австралиядағы өзен.
20. Халықтық демократия республикасының астанасы.
21. ССРО-дағы ойпат.
23. Қарағанды темір жолы бойындағы станция.
25. Америкадағы көл.
26. Малайя архипелагындағы арал.
30. Одақтық республиканың астанасы.
32. Сибирьдегі өзен.
33. Индо-қытайдағы қала.
34. Индонезиядағы арал.
35. Кавказ тауының шыңы.
38. Одақтық республиканың астанасы.

Жасаған **Б. Сапаров**

Киров ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы.

БАРАСЫ 1 СОН.

ПР. ЛЕНИНА 11
ГОС. ПУБЛИЧ. БИБ. КБ
2 1.12

